Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

1 Баспасөз релиздері

6 Шетел валюталарының ресми бағамдары

7 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі

15 Нормативтік құқықтық актілер

№ 23
1 – 15 желтоқсан 2013

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»**

редакторы:
Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:
Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:
Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;
Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:
Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.
Тел: *8 (727) 330-24-52*

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады

*“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС*
*050009, Алматы қаласы*
*Абай даңғылы, 143*
*тел. +7 (727) 3 94 41 67*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№45 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ
2013 жылғы 4 желтоқсан**

*«Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан
«Жылқы жылы» ескерткіш монеталарын
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 3 желтоқсаннан бастап «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Жылқы жылы» алтын және күміс ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Жылқы жылы» алтын және күміс ескерткіш монеталары он екі қырлы нысанда жасалған. Күмістен және алтыннан жасалған екі монетаның бет және сырт жағындағы бейнелері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифологиялық символдары бейнеленген және монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын (күмістен жасалған монетада - «Ag 925 31,1 g», алтыннан жасалған монетада – «Au 999 7,78 g») білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу және күннің стильдендірілген бейнесі.




Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте шығыс күнтізбесі бойынша 2014 жылдың символы – жылқы бейнеленген және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне айналдыра – ойып жазылған «2014» жазуы бар қаусырма орналасқан, мемлекеттік тілде «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», орыс тілінде «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және ағылшын тілінде «ORIENTAL CALENDAR» деген сөздер ойып жазылған. Күңгірт жиектің ішкі жағына шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Ескерткіш монеталар:

1) 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 5 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз;

2) 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы – 7,78 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 21,87 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы ресми хабарға түсіндірмесі

«Жылқы жылы» ескерткіш күміс және алтын монеталары – «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясын жалғастыратын төртінші монеталар. 2014 жылғы 31 қаңтарда шығыс күнтізбесі бойынша Жылқы жылы кіреді.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлықораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
**№46 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**
**2013 жылғы 11 желтоқсан**

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін «2012 жылдың үздік банкноты» номинациясында марапаттау рәсімі*

2013 жылғы 3 желтоқсанда Лондон қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін «2012 жылдың үздік банкноты» номинациясында марапаттау рәсімі өткізілді, оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетов қатысты.

Бұл марапатты ағымдағы жылдың мамыр айында Халықаралық банкнот қоғамдастығы (International Bank Note Society) 2012 жылдың үздік банкноты үшін тағайындады.

Халықаралық банкнот қоғамдастығы 2012 жылы бүкіл әлем бойынша шығарылған 100-ден астам жаңа банкноттың ішінен 2011 жылы шығарылған жаңа дизайндағы номиналы 5 000 теңгелік Қазақстан банкнотын жеңімпаз ретінде таңдай отырып, купюраның дизайны мен идеологиясын, сол сияқты оның техникалық тұрғыдан орындалуы мен қорғалуын үздік деп таныды.

Халықаралық банкнот қоғамдастығы – бүкіл дүние жүзінен банкнот жинаушылардың тәуелсіз бірлестігі, олар жыл сайын өздерінің www.theibns.org.сайтында интернет-дауыс беру арқылы жылдың үздік банкнотын таңдайды. Бұл коммерциялық емес білім беру ұйымының мақсаты – білім беру, ғылыми және тарихи аспектілерде бүкіл дүние жүзінен банкноттар мен қағаз ақшасын зерделеу. Қоғамдастық мүшелері 90-нан астам елдердің сарапшылары болып табылады. Бүгінгі күні қоғамдастықтың 2 000-нан астам мүшесі бар.

Марапаттың маңыздылығы жеңімпазды таңдаудың қандай да болмасын банкнотты алға шығаруға мүдделі емес адамдардың жүзеге асыруында және ол дизайнның эстетикалық әсеріне, басып шығару сапасына және қолдан жасаудан қорғау тәсілдеріне негізделеді.

5 000 теңгелік банкнот 2011 жылғы 30 желтоқсанда шығарылды. Банкноттың дизайнын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дизайнерлері жасады. Банкнот Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында басып шығарылды.




Толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 2704 639, +7 (727) 2596 833; E-mail: press@nationalbank.kz ( www.nationalbank.kz)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
**№47 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**
**2013 жылғы 12 желтоқсан**

*«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы*
*1000 теңгелік ескерткіш банкнотты айналысқа шығару туралы*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының № 2155 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетов қол қойған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналдық құны 1000 теңгелік ескерткіш банкноттың дизайнын және айналысқа шығару күнін айқындау туралы» 2013 жылғы 11 қарашадағы № 263 қаулысы) **2013 жылғы 12 желтоқсаннан бастап** «Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған **номиналы 1000 (бір мың) теңгелік ескерткіш банкнотты** айналысқа шығару туралы хабарлайды.

2013 жылғы үлгідегі «Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 (бір мың) теңгелік ескерткіш банкнот көлемі 134х70 мм қағазда дайындалған. Банкноттың басым түсі: сарғыш қоңыр.




**Бет жағы:** басым бейнелер тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер – банкноттың оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі оң жағында ұшып бара жатқан көгершіндердің бейнесі. Сол жақ бөлігінің ортасында Күлтегін мүсінінің бөлігі берілген. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Ту бейнеленген. Жоғарғы сол жақ

бөлігінде номиналдың цифрлық белгісі басылған, оның астында қолдан жасау жауапкершілігін ескертетін «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген мемлекеттік тілдегі жазу бар. Сол жағында көлденеңінен номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгісі және «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу бар.




**Сырт жағы:** басым бейнелер көлденеңінен орналасқан. Негізгі бейнелер – түркі жауынгерлерінің жартастағы бейнелері, олардың арт жағында түркі жазбасы ескерткіші. Төменгі сол жағында және жоғарғы оң жағында банкнот номиналының цифрлық белгісі, ал төменде ортада – орыс тіліндегі әріптік белгісі. Сол жағында Мемлекеттік Тудың бөлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі бейнеленген ені 12 мм голографиялық жолақ және «Ескерткіш теңге» деген жазба орналасқан. Жоғарғы жағында ортада «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу басылған. Төменгі сол жағында орналасқан номиналдың цифрлық белгісінің астында «Подделка банкнот преследуется по закону» деген жазу бар.

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 (бір мың) теңгелік ескерткіш банкноттың таралымы 10 000 000 (он миллион) дана.

## 2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары

| | | 30-03.12 | 04.12 | 05.12 | 06.12 | 07-09.12 | 10.12 | 11.12 | 12.12 | 13.12 | 14-18.12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Австралия доллары** | **AUD** | 139,93 | 140,55 | 139,45 | 139,23 | 139,74 | 139,86 | 140,48 | 140,89 | 139,51 | 137,85 |
| **Ағылшын фунт стерл.** | **GBP** | 250,94 | 253,02 | 252,87 | 252,72 | 252,08 | 252,2 | 253,79 | 253,68 | 253,03 | 251,88 |
| **Белорусь рублі** | **BYR** | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 |
| **БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ** | **BRL** | 66,32 | 65,55 | 65,03 | 64,53 | 65,34 | 66,13 | 66,6 | 66,93 | 65,88 | 66,03 |
| **Венгер форинті** | **HUF** | 0,7 | 0,69 | 0,69 | 0,69 | 0,7 | 0,7 | 0,7 | 0,71 | 0,7 | 0,7 |
| **1 Гонконг доллары** | **HKD** | 19,82 | 19,92 | 19,93 | 19,9 | 19,89 | 19,88 | 19,92 | 19,93 | 19,89 | 19,88 |
| **Дат кронасы** | **DKK** | 28,05 | 28,09 | 28,13 | 28,13 | 28,25 | 28,34 | 28,48 | 28,52 | 28,49 | 28,43 |
| **Дихрам ОАЭ** | **AED** | 41,84 | 42,04 | 42,06 | 42 | 42 | 41,96 | 42,06 | 42,07 | 41,99 | 41,96 |
| **АҚШ доллары** | **USD** | 153,68 | 154,42 | 154,5 | 154,25 | 154,25 | 154,12 | 154,47 | 154,52 | 154,21 | 154,11 |
| **Еуро** | **EUR** | 209,16 | 209,55 | 209,81 | 209,81 | 210,64 | 211,36 | 212,41 | 212,73 | 212,64 | 212,07 |
| **Канада доллары** | **CAD** | 145,19 | 145,15 | 144,88 | 144,56 | 144,84 | 144,66 | 145,26 | 145,7 | 145,83 | 144,87 |
| **Қытай юаны** | **CNY** | 25,23 | 25,35 | 25,36 | 25,33 | 25,36 | 25,39 | 25,45 | 25,45 | 25,4 | 25,38 |
| **Кувейт динары** | **KWD** | 543,81 | 546,23 | 546,9 | 545,63 | 545,63 | 545,17 | 546,99 | 547,17 | 546,07 | 545,91 |
| **Қырғыз сомы** | **KGS** | 3,14 | 3,15 | 3,15 | 3,14 | 3,13 | 3,12 | 3,13 | 3,13 | 3,12 | 3,12 |
| **Латвия латы** | **LVL** | 297,71 | 298,28 | 298,67 | 298,88 | 299,92 | 300,96 | 302,17 | 302,86 | 302,67 | 302 |
| **Литва литі** | **LTL** | 60,6 | 60,7 | 60,8 | 60,79 | 61,04 | 61,23 | 61,53 | 61,63 | 61,61 | 61,44 |
| **Малазия ринггитті** | **MYR** | 47,7 | 48,01 | 47,94 | 47,83 | 47,73 | 48,01 | 48,17 | 48,06 | 47,77 | 47,65 |
| **Молдова лейі** | **MDL** | 11,74 | 11,84 | 12,03 | 11,82 | 11,94 | 11,94 | 11,97 | 12,07 | 12,13 | 12,22 |
| **Норвег кронасы** | **NOK** | 25,17 | 25,23 | 25,28 | 25,09 | 25,01 | 25,07 | 25,22 | 25,31 | 25,1 | 24,91 |
| **Польша злотыйы** | **PLN** | 49,88 | 49,88 | 50 | 49,98 | 50,3 | 50,49 | 50,82 | 50,92 | 50,82 | 50,75 |
| **Сауд Арабиясының риялы** | **SAR** | 40,98 | 41,17 | 41,2 | 41,13 | 41,13 | 41,09 | 41,19 | 41,2 | 41,12 | 41,09 |
| **Ресей рублі** | **RUB** | 4,63 | 4,65 | 4,65 | 4,66 | 4,69 | 4,7 | 4,72 | 4,72 | 4,71 | 4,69 |
| **СДР** | **XDR** | 235,93 | 236,57 | 237,06 | 236,7 | 236,73 | 237,08 | 237,81 | 238,15 | 237,82 | 237,81 |
| **Сингапур доллары** | **SGD** | 122,49 | 123 | 123,16 | 122,93 | 123,02 | 123,26 | 123,55 | 123,65 | 123,13 | 122,84 |
| **Тәжік сомониі** | **TJS** | 32,19 | 32,34 | 32,36 | 32,31 | 32,31 | 32,53 | 32,36 | 32,37 | 32,55 | 32,29 |
| **1 түрік лирі** | **TRY** | 76,23 | 75,99 | 75,59 | 75,2 | 75,64 | 75,94 | 76,21 | 76,21 | 75,67 | 75,51 |
| **Өзбек сумы** | **UZS** | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 |
| **Украин гривнасы** | **UAH** | 18,77 | 18,82 | 18,74 | 18,72 | 18,8 | 18,86 | 18,8 | 18,74 | 18,64 | 18,61 |
| **Чех кронасы** | **CZK** | 7,65 | 7,64 | 7,66 | 7,65 | 7,67 | 7,7 | 7,75 | 7,76 | 7,75 | 7,72 |
| **Швед кронасы** | **SEK** | 23,45 | 23,61 | 23,72 | 23,73 | 23,72 | 23,73 | 23,56 | 23,65 | 23,46 | 23,39 |
| **Швейцар франкі** | **CHF** | 169,68 | 170,39 | 170,7 | 171,07 | 172,08 | 172,8 | 173,72 | 174,03 | 173,76 | 173,45 |
| **Оңтүстік Африка рандысы** | **ZAR** | 15,1 | 15,01 | 14,9 | 14,69 | 14,71 | 14,91 | 14,96 | 14,9 | 14,92 | 14,85 |
| **100 Оңтүстік Корея воны** | **KRW** | 14,52 | 14,56 | 14,56 | 14,56 | 14,58 | 14,64 | 14,68 | 14,69 | 14,68 | 14,63 |
| **1 жапон йенасы** | **JPY** | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 1,51 | 1,51 | 1,49 | 1,5 | 1,51 | 1,5 | 1,49 |

# ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

## 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

| | Кезең соңындағы ресми бағам | Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін | | Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | USD/KZT | USD/KZT | %* | млн. $ |
| **11.11-15.11** | **153,08** | **153,17** | **-0,41** | **905,50** |
| **18.11-22.11** | **153,07** | **152,98** | **-0,13** | **1 501,05** |
| | | | | |
| **25.11-29.11** | **154,05** | **153,10** | **-0,43** | **1 401,50** |
| 25.11.2013 | 152,8 | 152,77 | -0,02 | 707,90 |
| 26.11.2013 | 152,77 | 152,72 | -0,03 | 170,65 |
| 27.11.2013 | 152,72 | 153,38 | 0,43 | 155,25 |
| 28.11.2013 | 153,38 | 154,05 | 0,44 | 131,60 |
| 29.11.2013 | 154,05 | 153,68 | -0,24 | 236,10 |
| **02.12-06.12** | **154,42** | **154,36** | **0,82** | 840,55 |
| 03.12.2013 | 153,68 | 154,52 | 0,55 | 256,35 |
| 04.12.2013 | 154,42 | 154,48 | 0,04 | 178,65 |
| 05.12.2013 | 154,5 | 154,20 | -0,19 | 268,60 |
| 06.12.2013 | 154,25 | 154,21 | -0,03 | 136,95 |

* - *өткен кезеңге өзгерістер*



## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

***Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы***

| | сұраныстың ұсыныстан артуы, есе | сұраныстың қанағаттандырылуы, % | кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, % | қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге |
|---|---|---|---|---|
| Қаржминінің МБҚ | | | | |
| 30.09-04.10 | 1,83 | 87,13 | 3,00 | 12,8 |
| 07.10-11.10 | 0,60 | 91,98 | 6,44 | 11,0 |
| 14.10-18.10 | 0,61 | 80,26 | 6,80 | 22,0 |
| 21.10-25.10 | 0,43 | 79,68 | 6,00 | 10,2 |
| 28.10-01.11 | 1,46 | 90,30 | Инф+0,01 | 78,9 |
| 04.11-08.11 | 0,59 | 69,18 | 5,00 | 6,1 |
| 11.11-15.11 | 0,33 | 72,14 | 6,33 | 8,8 |
| 18.11-22.11 | 0,40 | 75,00 | 5,75 | 4,5 |
| 25.11-29.11 | 0,39 | 87,58 | 6,58 | 38,7 |
| 02.12-06.12 | 0,26 | 40,28 | 6,30 | 2,2 |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары | | | | |
| 30.09-04.10 | 0,20 | 100 | 2,15 | 2,0 |
| 07.10-11.10 | - | - | - | - |
| 14.10-18.10 | - | - | - | - |
| 21.10-25.10 | - | - | - | - |
| 28.10-01.11 | - | - | - | - |
| 04.11-08.11 | - | - | - | - |
| 11.11-15.11 | - | - | - | - |
| 18.11-22.11 | - | - | - | - |
| 25.11-29.11 | - | - | - | - |
| 02.12-06.12 | - | - | - | - |

**Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы**



*Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)*

| | Көлемі млн. теңге | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | оның ішінде Қаржыминінің МБҚ | | | оның ішінде ҚҰБ ноттары |
| | | ұзақ мерзімді | орташа мерзімді | қысқа мерзімді | |
| 20.09.13 | 3 257 272,26 | 2 477 811,72 | 641 302,10 | 104 113,66 | 34 044,79 |
| 27.09.13 | 3 241 462,29 | 2 479 661,89 | 641 302,10 | 104 113,66 | 16 384,65 |
| 04.10.13 | 3 321 436,30 | 2 559 661,89 | 641 302,10 | 109 080,56 | 11 391,75 |
| 11.10.13 | 3 331 489,59 | 2 570 712,58 | 641 302,10 | 109 080,56 | 10 394,35 |
| 18.10.13 | 3 291 916,53 | 2 570 712,58 | 602 726,43 | 109 080,56 | 9 396,95 |
| 25.10.13 | 3 321 991,62 | 2 602 921,77 | 602 726,43 | 109 080,56 | 7 262,86 |
| 01.11.13 | 3 392 071,13 | 2 681 783,92 | 595 436,43 | 109 080,56 | 5 770,21 |
| 08.11.13 | 3 397 225,85 | 2 687 933,74 | 595 436,43 | 109 080,56 | 4 775,11 |
| 15.11.13 | 3 405 313,14 | 2 696 721,58 | 595 436,43 | 109 080,56 | 4 074,56 |
| 22.11.13 | 3 409 775,46 | 2 701 183,91 | 595 436,43 | 109 080,56 | 4 074,56 |
| 29.11.13 | 3 447 121,79 | 2 739 027,74 | 595 436,43 | 109 080,56 | 3 577,06 |
| 06.12.13 | 3 446 863,15 | 2 739 153,13 | 592 986,43 | 109 080,56 | 3 577,06 |

## 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ

| | 2003ж. шығарылым |
|---|---|
| Шығару кезіндегі кірістілік | 7,637 |
| 02.12.2013 | 5,402 |
| 03.12.2013 | 5,422 |
| 04.12.2013 | 5,42 |
| 05.12.2013 | 5,418 |
| 06.12.2013 | 5,417 |
| *эмиссия басынан бері* | *-2,22* |
| *апта үшін* | *0,015* |



# 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

| | БААЖ | | | БТЖ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны, мың | Көлемі, млрд. теңге | Көлемінің өзгеруі, % | Саны, мың | Көлемі, млрд. теңге | Көлемінің өзгеруі, % |
| 25.11-29.11 | 335,4 | 3919,9 | -9,3 | 501,3 | 122,1 | 4,1 |
| 02.12-06.12 | 244,0 | 3575,7 | -8,8 | 273,9 | 78,7 | -35,6 |






# 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

| Индекс | Тармақтардағы мәні | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|
| | 29.11.2013 | 06.12.2013 | кезең үшін | 2001ж. жел. бастап |
| Dow Jones | 16 086,41 | 16 020,20 | *-0,41%* | *58,04%* |
| Nikkei 225 | 15 661,87 | 15 299,86 | *-2,31%* | *45,12%* |
| DAX | 9 405,30 | 9 172,41 | *-2,48%* | *77,76%* |
| FTSE | 6 650,57 | 6 551,99 | *-1,48%* | *26,03%* |
| Hang Seng | 23 881,29 | 23 743,10 | *-0,58%* | *107,70%* |

**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**




| Бағамы | Мәні | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|
| | 29.11.2013 | 06.12.2013 | кезең үшін | 2001ж. жел. бастап |
| USD/JPY | 102,44 | 102,91 | *0,46%* | *-21,51%* |
| GBP/USD | 1,6368 | 1,6349 | *-0,12%* | *12,65%* |
| EUR/USD | 1,3591 | 1,3706 | *0,85%* | *54,78%* |
| USD/RUR | 33,13 | 33,11 | *-0,06%* | *8,59%* |




| Тауарлар | Өлшем бірлігі | Бағасы, АҚШ долл. | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 29.11.2013 | 06.12.2013 | кезең үшін | 2001ж. желт.бастап |
| алтын | тр.ун. | 1253,5 | 1229,1 | *-1,95%* | *344,26%* |
| мыс | метр.тонна | 7 054,3 | 7 119,8 | *0,93%* | *387,50%* |
| мырыш | метр.тонна | 1 866,0 | 1 888,8 | *1,22%* | *144,82%* |
| мұнай | баррель | 110,57 | 111,69 | *1,01%* | *450,20%* |



## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

**Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер**

| Банки-резиденты | | | | Банки-нерезиденты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 айға дейін | | 1 айдан астам | | 1 айға дейін | | 1 айдан астам | |
| Орналастыр-ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналасты р-ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналастыр -ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналас тырылға н депозитт ер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) |
| **11.11.13-15.11.13** | | | | | | | |
| 44 550 000 | 0,87 | 0 | 0,00 | 0 | 0 | 0 | 0,00 |
| 25 500 | 0,28 | 0 | 0,00 | 1 419 561 | 0,08 | 8 080 | 6,26 |
| 500 | 0,40 | 0 | 0,00 | 3 000 | 0,35 | 0 | 0,00 |
| 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 3 591 000 | 5,39 | 0 | 0,00 |
| **18.11.13-22.11.13** | | | | | | | |
| 32 200 000 | 2,74 | 2 000 000 | 8,20 | 0 | 0 | 0 | 0,00 |
| 47 600 | 0,31 | 0 | 0,00 | 1 441 619 | 0,06 | 126 936 | 1,32 |
| 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 |
| 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 2 994 000 | 5,43 | 0 | 0,00 |
| **25.11.13-29.11.13** | | | | | | | |
| 35 680 000 | 5,79 | 0 | 0,00 | 1 120 000 | 6 | 0 | 0,00 |
| 5 000 | 0,20 | 0 | 0,00 | 1 660 020 | 0,07 | 4 990 | 7,25 |
| 5 200 | 1,39 | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 |
| 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 3 389 000 | 5,63 | 0 | 0,00 |
| **02.12.13-06.12.13** | | | | | | | |
| 25 450 000 | 0,66 | 0 | 0,00 | 0 | 0 | 15 000 000 | 6,95 |
| 54 400 | 1,01 | 6 500 | 4,50 | 1 961 665 | 0,07 | 20 035 | 0,16 |
| 4 300 | 0,49 | 0 | 0,00 | 10 900 | 0,07 | 91 | 6,00 |
| 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 2 213 000 | 5,75 | 200 000 | 7,10 |

*- мың валюта бірлігі



**1.1.** Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

| Кезеңдер, валюталардың түрлері | Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі) | оның ішінде резидент банктер | | Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен | оның ішінде: |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (мың валюта бірлігі) | % * | | резидент банктер |
| 11.11.13-15.11.13 | | | | | |
| USD | 500 904 | 294 335 | 58,8 | 153,25 | 153,23 |
| RUB | 6 797 | 6 797 | 100,0 | 4,70 | 4,70 |
| EUR | 5 160 | 5 160 | 100,0 | 205,85 | 205,87 |
| 18.11.13-22.11.13 | | | | | |
| USD | 545 266 | 229 610 | 42,1 | 152,98 | 152,99 |
| RUB | 21 500 | 11 500 | 53,5 | 4,69 | 4,71 |
| EUR | 1 455 | 1 455 | 100,0 | 207,38 | 207,38 |
| 25.11.13-29.11.13 | | | | | |
| USD | 420 821 | 305 800 | 72,7 | 153,05 | 153,08 |
| RUB | 25 500 | 17 200 | 67,5 | 4,67 | 4,67 |
| EUR | 11 612 | 11 612 | 100,0 | 207,79 | 207,79 |
| 02.12.13-06.12.13 | | | | | |
| USD | 232 320 | 199 375 | 85,8 | 154,40 | 154,39 |
| RUB | 22 905 | 22 905 | 100,0 | 4,67 | 4,67 |
| EUR | 1 935 | 1 935 | 100,0 | 209,71 | 209,74 |

* резидент банктердің мәмілелерінің мәмілелердің жалпы көлеміне үлес салмағы



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2013 жылғы 27 тамыз № 218

*Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар бекітілсін (бұдан әрі – Талаптар).

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды айқындайтын нормалар бөлігінде, Талаптардың 5-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларын, 6-тармағының 1) тармақшасын және 6) тармақшасының екінші және төртінші абзацтарын және 7-тармағын қоспағанда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қазанда №8801 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 218 қаулысымен
бекітілді

*Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар*

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және қолданыстағы электрондық ақпараттық ресурстардың сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін қалыптастыру мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Талаптарда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) автоматтандырылған ақпарат жүйелері - құжаттардың, техникалық құралдар жүйесінің және ақпаратты өңдеу тәсілдерінің ұйымдастырылған түрде тәртіпке келтірілген жиынтығы;

2) автоматтандырылған ақпарат жүйелерінің басқарушысы (бұдан әрі басқарушы) – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйенің техникалық құралдарының жұмыс жасауын, оларды теңшеуді, қолдауды және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін және аппараттық-бағдарламалық құралдардың көмегімен ақпараттық процеске қатысатын қызметкері;

3) ақпарат қауіпсіздігі – ақпараттың және оның инфрақұрылымының кездейсоқ немесе әдейі жасалған, табиғи немесе жасанды сипаттағы іс-әрекеттерден, жария болудан, ұрлықтан, жоғалудан, жойылудан, бұрмаланудан, көшіруден, қолдан жасаудан, бұғаттаудан және рұқсатсыз кіру салдарынан туындайтын басқа да қауіптерден қорғалуы;

4) ақпаратты (деректерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық хабарларды) жария ету – ақпаратқа рұқсатсыз кіру рұқсатын алу және алынған мәліметтердің жария болуы нәтижесінде болған іс-әрекет;

5) ақпаратты қорғау - ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

6) аутентификация – кіру субъектісінің немесе объектісінің түпнұсқалығын көрсетілген кіру деректемелерінің жүйедегімен сәйкестігін анықтау арқылы растау;

7) зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету – ақпараттық жүйелерге және ақпараттық ресурстарға зиян келтіру мақсатында құрылған бағдарламалық қамтамасыз ету;

8) қауіпсіздік басқарушысы – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелерді, техникалық құралдарды қорғау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды, сондай-ақ қауіпсіздік саясаты шеңберінде жүйені қолдауды қамтамасыз ететін қызметкері;

9) қауіпсіздік жүйесі - ұйымдастыру шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;

10) қауіпсіздік саясаты – таратылуы шектеулі ақпаратты басқаруды, қорғауды және бөлуді реттейтін нормалар мен практикалық тәсілдер;

11) мамандандырылған ұйым – телекоммуникациялық қызметтерді және деректерді сақтау және өңдеу қызметін ұсынатын ұйым;

12) модуль – белгілі бір функцияларды орындауға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелер құрамдасы;

13) сәйкестендіргіш – жүйе субъектісіне және (немесе) объектісіне берілген және жүйеге және (немесе) жүйе ресурстарына кіруді реттеуге арналған бірегей дербес код немесе ат;

14) сәйкестендіру – жүйеге және (немесе) сәйкестендіру жүйесінің ресурсына кіру рұқсатын алу үшін ұсынылған жүйеде бар сәйкестендіруші тізбенің сәйкестігін беру немесе анықтау;

15) серверлік үй-жай – серверлік, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін желілік жабдықтың (телекоммуникациялық) және құрылымдық кабельдік жүйелердің серверлік орналасуына арналған үй-жай.

## 2. Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелері:

1) ақпараттың сенімді сақталуын, рұқсатсыз кіруден қорғауды, бағдарламалық қамтамасыз етудің тұтастығын және электронды мұрағаттар мен дерекқорлардағы ақпараттың:

кез келген уақытта электр қуатын толық немесе ішінара ажыратқанда;

желілер, телекоммуникациялар апатында, операцияларды орындаудың кез келген кезеңіндегі орнатылған табиғи және виртуалды қосылыстар ажырағанда;

бағдарламалық қамтамасыз етудің кез келген функциясын орындау барысында бағдарламалық қамтамасыз етудің кез келген есептеу құралдары толық немесе ішінара тоқтап қалғанда;

автоматтандырылған ақпарат жүйелерінде сақталатын ақпаратқа рұқсатсыз кіруге талаптанғанда толық сақталуын;

2) кемінде кірудің екі деңгейін: басқарушы және пайдаланушы қамтамасыз ете отырып автоматтандырылған ақпарат жүйелерінде іске асырылған деректерге, функцияларға, операцияларға, есептерге көп деңгейлі кіруді;

3) енгізілген деректердің толықтығын бақылауды (барлық жолдарды толық толтырмай функцияларды немесе операцияларды орындаған жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесі тиісті хабарламаны беруді қамтамасыз етеді);

4) жеке сұрату бойынша және кез келген критерийлер бойынша ақпарат іздеуді, сондай-ақ кез келген өлшемдер бойынша ақпарат іріктеу және алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігін;

5) ақпаратты күндер бойынша қысқартусыз өңдеуді және сақтауды;

6) мұрағаттау мүмкіндігін (деректерді мұрағаттан қалпына келтіру);

7) келіп түсетін және жіберілетін құжаттарды экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйелері мынадай функционалдық модульдерден тұрады:

1) «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі;

2) «Есептілік» модулі;

3) «Сыртқы пайдаланушылармен өзара әрекеттесу» модулі;

4) «Ішкі аудит» модулі.

5. «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі мыналардың:

1) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шарттарының;

2) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына түскен зейнетақы жарналарының, жинақтардың, өсімпұлдардың;

3) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық табыстың;

4) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің;

5) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударымының дербес есебін жүргізуге арналған.

6. «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі мыналарды:

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) дербес зейнетақы шоттарымен операциялардың талдау және синтетикалық бухгалтерлік есебін жүргізуді;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізген міндетті зейнетақы жарналарының есебінен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын біріктірулер бойынша тарихын сақтай отырып салымшылардың (алушылардың) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шоттарын міндетті зейнетақы жарналарының есебінен біріктіруді;

3) төлем құжаттарын қалыптастыруды;

4) төлем құжаттарының дұрыс қалыптасқандығын тексеруді;

5) бірегей деректемелері бар салымшыларды (алушыларды) сәйкестендіруді (шарт нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты және басқа параметрлер бойынша);

6) «Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының (бұдан әрі – Орталық) автоматтандырылған ақпарат жүйесімен мыналар:

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасаған және бұзған салымшылар жөніндегі ақпаратпен алмасу;

төлем құжаттарымен алмасу;

орталықтан түскен ақпараттың негізінде міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшыларының (алушыларының) деректемелеріне өзгеріс енгізу бойынша өзара іс-әрекет етуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

7. Міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырған кезде мынадай:

1) әрбір міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарын алушылар бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы есебі;

2) Заңға сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің тиесілі сомасынан табыс салығын ұстау;

3) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен берілген күнге және (немесе) берілген уақыт аралығына зейнетақы төлемдерін болжау функцияларының орындалуы қамтамасыз етіледі.

8. «Есептілік» модулі есептілікті электрондық нысандар, электрондық файлдар түрінде қалыптастыру және мынадай:

1) есептерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгіленген талаптарына сәйкес қалыптастыру;

2) есептіліктегі нысан аралық және нысан ішіндегі бақылау функцияларының орындалуын қамтамасыз ету үшін арналған.

9. «Сыртқы пайдаланушылармен өзара әрекеттесу» модулі:

1) филиалдар мен өкілдіктермен;

2) кастодиан банкпен;

3) инвестициялық портфельді басқарушымен (бар болса);

4) актуарилермен;

5) мемлекеттік органдармен электрондық үкімет шлюзі арқылы интеграциялау жолымен электронды түрде ақпарат алмасу үшін арналған.

10. «Ішкі аудит» модулі Талаптардың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген модульдердегі жүйелі оқиғаларды тіркеу және сәйкестендіру үшін арналған, онда мынадай атрибуттар сақталады:

1) автоматтандырылған ақпарат жүйесін пайдаланушының кіру және шығу күні мен уақытын көрсете отырып, автоматтандырылған ақпарат жүйесін пайдаланушыны сәйкестендіру;

2) бизнес – процесті, бизнес – процестің орындалу нәтижесін сәйкестендіру.

11. «Ішкі аудит» мыналарды қамтамасыз етеді:

1) жүйелі оқиғалар аудитінің электрондық журналын қарау және оның файлына сақтау;

2) мұрағат жазбаларын қалпына келтіру мүмкіндігімен, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің аудит жазбаларын мұрағатқа көшіру.

«Ішкі аудит» модулін басқарушы үшін әрбір пайдаланушы бойынша және (немесе) жалпы автоматтандырылған ақпарат жүйесі бойынша Талаптардың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген модульдердегі жүйелі оқиғаларды бақылау мүмкіндігі беріледі.

12. Автоматтандырылған ақпарат жүйелерінде жалпы жүйенің функционалдық сипаттамаларын жақсартатын қосымша функциялар мен міндеттерді (модульдерді) іске асыруға рұқсат беріледі.

13. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпарат жүйесін әзірлеу, енгізу және ілеспе қызметін көрсету процесі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, өзгерістер енгізу, қабылдау, тестілеу, пайдалануға беру және ілеспе қызметін көрсету кезеңдерінің, жұмыстың барлық кезеңдерін құжаттандыруға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді және (немесе) автоматтандырылған ақпарат жүйесіндегі ақпаратты рұқсатсыз өзгертуге жол бермеу мақсатында жұмыс істейтін модульдерге өзгерістер енгізу, жаңа модульдерді әзірлеу, жүйені енгізу және пайдалануға беру бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі шешімімен бекітілген техникалық тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

14. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық-коммуникациялық технологиясы инфрақұрылымын құру және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мыналарға қойылатын тиісті талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

1) серверлік үй-жайға;

2) техникалық құралдарға;

3) байланыс құралдарына;

4) пайдаланушылардың жұмыс орындарына;

5) бағдарламалық құралдарға.

15. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының серверлік үй-жайы мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) үй-жай үйдің бірінші немесе соңғы қабаттарында орналасқан жағдайда үй-жайдың терезелері металл торкөздермен немесе үй-жайға біреудің кіруін болдырмау үшін ұқсас қорғау құралдарымен жабдықталады;

2) арнайы бөлінген кіруі шектеулі үй-жайдың болуы;

3) үй-жайға кіру кезеңі туралы есеп алу мүмкіндігімен нақты уақыт режимінде үй-жайға кіру кезеңі мониторингін және үй-жайға кіру кезеңін электрондық журналға жазуды жүзеге асыруға арналған кіруді бақылау жүйесінің (жеке электронды рұқсатнама) болуы. Электрондық журналдағы оқиға жазбалары 6 (алты) айдан кем емес сақталады;

4) бейнебақылау жүйесінің болуы (бейнесигналдарды жазу мүмкіндігі бар нақты уақыт режимінде);

5) күзет сигнализациясы жүйесінің болуы;

6) бүкіл жабдықтың өндіруші көрсеткен температураға дейін жылдың кез келген мезгілінде неғұрлым көп жүктелген кезде салқындатуға жеткілікті берілген температура мен ылғалдылықты автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің болуы;

7) өрт сигнализациясы жүйесінің және газбен автоматты өрт сөндіру жабдығының болуы;

8) кепілдік берілген қорек жүйесі – таза қорек желісіндегі электр қуатын үзіліссіз қолдау арқылы және резервті автоматты түрде қосу қалқанының, үзіліссіз қорек жүйесінің екі қайнар көзі сигналынан атқарылатын дизельді генератор қондырғысының болуы.

Мамандандырылған ұйымдардың деректерді өңдеу орталығының үй-жайын, сондай-ақ қажетті техникалық құралдарды жалдаған жағдайда меншікті серверлік үй-жайларға және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының техникалық құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес келуі қажет.

16. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының

техникалық құралдары тиісті талаптарға сәйкес келеді:

1) меншікті аппараттық қамтамасыз етудің (компьютерлік жабдық, серверлер, аппараттық қорғау құралдары, жиынтық және басқа жабдық) болуы, аппараттық қамтамасыз етуді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына тиістілігін немесе мамандандырылған ұйымнан жалдауды растайтын құжаттардың болуы;

2) пайдаланыстағы жабдықты өндіруші немесе жеткізуші беретін сәйкестік сертификатының болуы.

17. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдар мен өкілдіктермен, кастодиан банктермен, инвестициялық портфельді басқарушымен (бар болса), мемлекеттік органдармен деректермен алмасу бойынша байланыс құралдары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) жіберілетін және алынатын ақпараттың толық көлемін қамтамасыз ететін негізгі арнаның болуы;

2) жіберілетін және алынатын ақпараттың толық көлемін қамтамасыз ететін резервтік арнаның болуы;

3) нақты бөлінген арналар әр түрлі провайдерлерден болуы.

18. Қордың автоматтандырылған ақпарат жүйесін пайдаланушылардың жұмыс орындары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) ұйымның үй-жайын техникалық қорғау құралдары жұмыс орнына кіруге рұқсат берілмеген тұлғалардың осы үй-жайға бақылаусыз кіру мүмкіндігін болдырмайды. Үй-жайға және жұмыс орнына кіру ұйым регламентіне және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады;

2) барлық аппараттық құралдарда кепілдік мерзімі (кепілдік талоны) болады және (немесе) мамандандырылған ұйымның техникалық ілеспе қызметінде болады;

3) пайдаланушының жұмыс орнына желі және деректерді берудің өзге техникалық арналары арқылы кіру тәртібі рұқсат берілмеген кіруге мүмкіндік бермейді;

4) ақпарат алмасу, сақтау, мұрағаттау не ақпаратты басқаша өңдеу шеңберінде беру үшін ақпарат жинауға берілген ресурстарға (желілік (серверлік) жабдық, дискілік кеңістік, директория, желілік ресурстар, деректер базасы) кіру тәртібі осы ресурстарға олармен жұмыс істеуге рұқсат берілмеген тұлғаларға кіру мүмкіндігі берілмейді;

5) пайдаланушының жұмыс орны жергілікті желіде (LAN) орналастырылады;

6) пайдаланушының компьютеріндегі ақпаратты оқу (жазу немесе көшіру) порттарына ену, оның ішінде кіру-шығу базалық жүйе теңшеуінде де ажыратылады;

7) пайдаланушының дербес компьютерінің жүйелі блогына қауіпсіздік басқарушысы мөр басады немесе пломба салады;

8) пайдаланушының жұмыс орнына рұқсатсыз кіруден қорғау құралдарына теңшеу орнату және өзгерту құқығы басқарушының міндетін орындайтын пайдаланушыларға ғана беріледі;

9) пайдаланушы сәйкес келтірілетін пайдаланушының бір жүйе аты бір жеке тұлғаға сәйкес келеледі;

10) техникалық құралдарды, пайдаланушының жұмыс орнына кіруді қамтамасыз ететін парольдерді немесе басқа ақпаратты сақтау және пайдалану тәртібі оларды рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігін бермейді;

11) пайдаланушының жұмыс орнына арналған желілік ресурстарға кіру автоматтандырылған ақпарат жүйесінің қорғалған шағын желісі шегінде шектеледі;

12) пайдаланушыда резервтік жұмыс орны болған жағдайда Талаптарда белгіленген шарттар мен талаптар, сондай-ақ осындай жұмыс орнында қолданылады.

19. Пайдаланушылардың жұмыс орындарында пайдаланылатын бағдарламалық құралдар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) тек лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылады;

2) пайдаланушының жұмыс орнында оның қызметтік міндеттерін пайдалану үшін талап етілмейтін бағдарламалық құралдарды орнатуға жол берілмейді;

3) пайдаланушыныңжұмысорнындапайдаланушылардысәйкестендірудіжәнеаутентификациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың болуы;

4) пайдаланушының жұмыс орнында міндетті түрде үнемі жаңартылып тұратын вирусқа қарсы базасы бар лицензиялық вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылады;

5) компьютерге кіруіне және пайдаланушының іс-қимылына байланысты оқиғаларды бақылау мақсатында электрондық құжаттарды сақтау мерзімінде электрондық журналдарды жүргізу мүмкіндігі;

6) бағдарламалық қамтамасыз ету паспорты – жұмыс орнының конфигурациясы туралы толық деректерімен оның сипаттамасы, сондай-ақ осы жұмыс орнында орнатылған аппараттық және бағдарламалық құралдары бар дербес компьютерге оратылады;

7) паспорт бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарына сәйкес ресімделеді және қауіпсіздік басқарушысында сақталады.

## 4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің автоматтандырылған қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

20. Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі мақсаты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және қауіпсіздік қауіп-қатерлерін іске асыруды болдырмау, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының мүдделерін кез келген жеке және заңды тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттерінен қорғау, оның мүлкін ұрлауға, ақпаратты жариялауға, жоғалтуға, мәлім болуына, бұрмалауға және жоюға жол бермеу болып табылады.

21. Зейнетақы активтері мен жинақтарын есептеу үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша негізгі құжат ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ескерту шаралардың кешенін қамтитын ақпараттық қауіпсіздік саясаты, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметтерінде қауіпсіздік саласында басшылыққа алатын қағидалар, рәсімдер және принциптер болып табылады және автоматтандырылған, телекоммуникациялық жүйелерді, автоматтандырылған жұмыс орындарын қамтиды.

22. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты:

1) ақпараттық қауіпсіздік саласында жұмыстың жалпы бағыттарын;

2) ақпараттық жүйені қорғау мақсатын;

3) ақпараттық жүйені, оның жалпы және жеке бөліктерін қорғауға қойылатын жалпы талаптарын;

4) қауіпсіздіктің қажетті деңгейіне қол жеткізудің негізгі принциптері мен тәсілдерін;

5) ақпараттық қауіпсіздік саясатын анықтайтын қажетті талаптарды әзірлеуге жауапты лауазымды тұлғалардың тізбесін;

6) ақпараттық жүйелерді қорғаудың жұмысқа қабілеттілігін құруға және қолдауға жауапты бөлімшелердің тізбесін;

7) қауіпсіздік саясатын айқындайтын қажетті талаптарды әзірлеуге және бақылауға жауапты қауіпсіздік басқарушысын бекітуді;

8) табиғат апаттары, апаттар, өрттер, электроэнергияның сөнуі, байланыс желілерінің зақымдануы, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар жататын дүлей күштің әсері пайда болған жағдайда ақпараттық жүйелердің қауіпсіздік режимін бұзуды болдырмайтын шараларды айқындайды.

23. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты ақпараттық жүйе үшін нақты болып танылған тәуекелдерді талдау негізінде құрылады және мыналарды:

1) ақпараттық жүйе құрамының сипаттамасын;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдаланушылардың тізімін, олардың ақпаратқа, бағдарламалық және техникалық құралдарға қол жеткізуіне құқықтары мен басымдықтарын (олардың қызметтік жағдайына және орындайтын функцияларының сипатына қарай).

3) ұйымдастыру және бағдарламалық – техникалық шаралар қосылған ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтиды.

24. Ақпараттық жүйені сенімді әрі тиімді қорғау жүйесін құру үшін мынадай принциптер мен тәсілдер пайдаланылады:

1) қызметкердің дайындығы ақпараттық қорғау жүйесін басқаруға, пайдалануға немесе жұмыс істеуіне қатысушы қызметкерлердің барлығын міндетті кезең-кезеңімен оқытуды қамтамасыз етеді;

2) осы қызметті көрсететін ұйымдардың шарт негізінде ақпараттық жүйелерді қорғау құралдарын және жүйелерін әзірлеу мен орнату үшін тарту.

25. Ұйымдастыру шаралары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі талаптарын сақтауды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішіндегі қауіпсіздік жағдайын бақылауды, бұзушылықтар жағдайында ден қоюды, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы өзгерістерді ескере отырып, қорғау шараларын дамытуды қамтамасыз етеді.

26. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру шараларына мынадай іс-шаралар жатады:

1) ақпараттық жүйелерді физикалық қорғау;

2) ақпараттық қауіпсіздікке қатынасы бар ақпараттық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қолдау;

3) әрбір пайдаланушыға өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін орындауды және бірін-бірі ауыстыруды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісті қол жеткізу құқығын беру;

4) жауапты тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздік режимін бұзуына ден қоюы;

5) қалпына келтіру жұмыстарын жоспарлау.

27. Физикалық қорғау мыналарға бөлінеді:

1) рұқсат беруді физикалық басқару;

2) өртке қарсы қауіпсіздік шаралары;

3) қолдау инфрақұрылымын қорғау;

4) деректерді қолға түсіруден қорғау, мобильді жүйелерді қорғау.

28. Ақпараттық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін қолдау жөніндегі іс-шаралар:

1) пайдаланушыларды қолдау – ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес берулерді ұйымдастыру, олардың кәдімгі қателерін анықтау және таралып жайылған жағдайлар үшін ұсынымдары бар жадынамалармен қамтамасыз ету;

2) бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау – бағдарламалық қамтамасыз етудің лицензиялық (сертификатталған) тазалығын бақылау;

3) конфигурациялық басқару – бағдарламалық және техникалық конфигурацияға енгізілетін өзгерістерді бақылау және белгілеу;

4) апат және басқа да дүлей күштің әсері жағдайында ақпараттық жүйені және деректерді қалпына келтіру үшін резервтік көшірме жасау;

5) деректер тасымалдағыштарын басқару – есепке алу, айналыс және сақтау ережелері;

6) құжаттау – істердің ағымдағы жағдайының маңызды көрінісі.

29. Қауіпсіздік басқарушылары ақпараттық жүйелердің қауіпсіздік режимін бұзған жағдайда:

1) келтірілетін зиянды азайту мақсатында шұғыл іс-шараларды орындауды – рұқсат етілмеген қол жеткізуді істеген адамды анықтауды және оны оқшаулауды;

2) жинақталған бұзушылық статистикасын шолуды – қақтығыстарды талдауды, қайталанған бұзушылықтарды анықтауды, қорғау жүйелерін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуді жүзеге асырады.

30. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалық – техникалық шараларға мынадай жүйелер қосылады:

1) рұқсат беруді басқару;

2) техникалық жай-күйді хаттамалау және тексеру.

31. Рұқсат беруді басқару жүйесі мынадай іс-шараларды орындауды қамтамасыз етеді:

1) деректер, міндеттер топтарының тізбесін анықтау және оларға құпиялылық деңгейін орнату;

2) деректердің әрбір топтарын қорғау тәсілдерін және рәсімдерін белгілеу;

3) ақпараттық жүйелерді пайдаланушылардың топтарын анықтау, оларды орындайтын қызметтері бойынша санаттарға бөлу және оларға ақпаратқа қол жеткізу деңгейін орнату.

32. Ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін қозғайтын және тексеруді талап ететін оқиғалардың қатарына:

1) жүйеге кіру (табысты немесе табыссыз);

2) жүйеден шығу;

3) жойылған жүйеге назар аудару жатады.

33. Жергілікті желідегі жұмыс саясатына мыналар кіреді:

1) жалпы ережелер;

2) ақпаратқа, бағдарламалық және техникалық құралдарға рұқсат беру кезіндегі пайдаланушылардың құқықтары (қызметтік жағдайына және атқарып отырған функцияларының сипатына қатысты);

3) Жергілікті желідегі жұмыс кезіндегі пайдаланушының міндеттері;
4) Қызметкердің міндеті;
5) компьютерлерде және жергілікті желіде пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету тізімі.

34. Резервтік көшірме жасау саясатына мыналар кіреді:
1) жалпы ережелер;
2) резервтік көшірме жасау тәртібі;
3) резервтік көшірме жасаудың қорытындыларын бақылау;
4) резервтік көшірме жасау арқылы ақпаратты қалпына келтіру;
5) резервтік көшірмелерді сақтау;
6) ақпаратты күн сайын резервтік көшірме жасаумен қамтамасыз ете отырып, сейсмоқауіпсіз аймақта орналасқан резервтік сервердің болуы.

35. Лауазымдық міндеттерге сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті сақтауға мыналар жауапкершілік алады:
1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы;
2) автоматтандырылған ақпараттық жүйені басқарушы;
3) қауіпсіздік басқарушысы;
4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшыларының бұйрықтарымен анықталған тұлға.

36. Қауіпсіздік басқарушысы:
1) тәуекелдерді талдауды, қорғауды талап ететін объектілерді анықтауды, және қауіпсіздік режимінің бұзылуынан болуы мүмкін зиян мөлшерін және тиімді қорғау құралдарын таңдай отырып, ақпараттық жүйенің осал жерлеріне баға беріп, анықтауды жүзеге асырады;
2) вирусқа қарсы бақылауға және жүйеге дұрыс кіруге байланысты (тіркеу кезінде өзінің ғана сәйкестендіргішін көрсете отырып) қауіпсіздік шараларына және төтенше (әдеттегіден тыс) жағдайлардағы қағидаларға қызметкерлерді оқытуды қамтамасыз етеді;
3) ақпараттық жүйенің ресурстарына кіруге рұқсат беруді сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдерінің міндеттілігін қамтамасыз етеді;
4) ақпараттық ресурстарға рұқсат берілмеген пайдаланушылардың кіруге рұқсат алуына жол бермейді, пайдаланушыларға кіру аты және бастапқы парольдер тек тіркеу нысандары толтырылған соң ғана беріледі;
5) ақпараттық жүйе өңдейтін ақпаратты резервтік көшірме жасауды орындаудың тұрақтылығын бақылайды;
6) жүйе ресурстарын қорғаудың сенімділігіне жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізеді;
7) бар қауіпсіздік саясатының тиімділігі туралы арнайы тағайындалған жауапты орындаушыларды хабардар етеді және қорғау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды олардың қарауына енгізеді;
8) корпоративті желінің жабдықтарын, оның ішінде арнайы желіаралық бағдарлама құралдарын қорғауды қамтамасыз етеді;
9) қауіп-қатері бар оқиғаларға шұғыл және тиімді түрде қатысады, қауіп-қатерді көрсету және тәртіп бұзушыларды анықтау бойынша шаралар қабылдайды, арнайы тағайындалған жауапты орындаушылар қорғанысты бұзу әрекеттері туралы белгілейді және хабардар етеді;
10) сезікті жағдайларды анықтау, бар зиянды бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның ақпараттық жүйенің және оның компоненттерінің жұмысына ықпалын болдырмау мақсатында ақпараттық жүйенің жұмыс істеу процесін қадағалайтын тексерілген бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдаланады;
11) күн сайын жалпы ақпараттық жүйеге және айырықша файлдық серверлерге қатысты тіркелген ақпаратқа талдау жүргізеді;
12) ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жаңалықтарға шолу жасайды, олар туралы пайдаланушыларды және арнайы тағайындалған жауапты орындаушыларды хабардар етеді.

37. Жүйенің пайдаланушылары:
1) Ақпараттық жүйе қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ішкі талаптарды білуі және сақтауы;
2) өз ақпараттарының конфиденциалдылығы мен толықтығын қамтамасыз ету үшін қол жетімді тіркелген қорғау механизмдерін пайдалануы;
3) ұзақтығы сегіз әріптік-цифрлық символдардан кем емес жеке пароль таңдауы;
4) жеке парольдің басқа адамдарға қол жетімді болмауын қамтамасыз етуі;

5) ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің басқарушыларын және(немесе) арнайы тағайындалған жауапты орындаушыларды қауіпсіздіктің бұзылғандығы және өзге де күмәнді жағдайларды хабардар етеді.

6) ақпараттық жүйенің ресурстарын қорғау кезінде осал жерлерді анықтаған жағдайда бұл туралы ақпараттық жүйенің қауіпсіздік басқарушысына және (немесе) арнайы тағайындалған жауапты орындаушыларға дереу хабарлау;

7) сәйкестендірілген және аутентификацияланған түзетілген ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету;

8) қауіпті кодтың еніп кетуін ескерту, оны анықтау және жою рәсімдерін орындау;

9) әдеттен тыс жағдайларда өзін ұстау нормаларын атқару, апаттардың және өзге де дүлей күштің әсері кезіндегі іс-қимылдардың қалыптылығы орындалуы тиіс.

38. Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай талаптар орындалады:

1) аппараттық және бағдарламалық құралдардың көмегімен трафикті шифрлау арқылы деректер беру арналарын қорғау;

2) сезікті жағдайларды анықтау, бар зиянды бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның ақпараттық жүйенің және оның компоненттерінің жұмысына ықпалын болдырмау мақсатында ақпараттық жүйенің жұмыс істеу процесін қадағалайтын тексерілген бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдаланады;

3) интернет желісінен ұйымның компьютерлік желісіне жасалған шабуылдарды анықтау (болдырмау) жүйесін пайдалану;

4) ең кем дегенде бір бағдарламалық–аппараттық желіаралық экранның болуы;

5) тұрақты негізде осал тұстарды талдау және оған баға беру;

6) кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге рұқсат беру отыз күнтізбелік күн ішінде бір рет ауыстырылатын тиісті парольді енгізу арқылы қамтамасыз етіледі;

7) Пароль үш реттен артық дұрыс енгізілмеген жағдайда, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің пайдаланушысының есептік жазбасына тосқауыл қойылады. Одан әрі тосқауылды алып тастау автоматтандырылған ақпараттық жүйенің пайдаланушысының өтінімі негізінде жасалады;

8) автоматтандырылған ақпараттық жүйе парольді ауыстырған кезде осының алдындағы парольдерді пайдалануды бақылайды (осының алдындағы үш парольден кем емес);

9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы жүйесінің немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі операцияларды жасау уақытына немесе автоматтандырылған ақпараттық жүйеге және осы операцияны немесе жазбаны жүзеге асырушы пайдаланушының сәйкестендіргішіне өзгерістер енгізуге қатысты мәліметтерді сақтауды қамтамасыз етеді;

10) электр қорегін ажырату, желідегі, телекоммуникациядағы апат, қосылғыштардың ажырауы, санкцияланбаған кіру әрекеттері нәтижесінде үзілген пайдаланушының немесе басқарушының операцияларды автоматты түрде аяқтауы.

39. Ақпаратты қорғау «басқарушы» рұқсат беру деңгейіндегі мынадай функциялармен қамтамасыз етіледі:

1) пайдаланушылар тобын анықтау, оларды атқаратын функциялары бойынша санаттарға бөлу және олардың ақпаратқа кіру, паролдерді ауыстыру деңгейлерін белгілеу;

2) пайдаланушылардың автоматтандырылған ақпараттық жүйенің деректеріне және функцияларына кіруіне тосқауыл қою;

3) автоматтандырылған ақпараттық жүйенің жұмыс істеу параметрлерін күйіне келтіру;

4) автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қосылған пайдаланушыларды қарау;

5) операциялық күнді ашу (жабу);

6) қажет болған жағдайда пайдаланушыларды автоматтандырылған ақпараттық жүйеден ажырату.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алмат 2013 жылғы 27 тамыз № 223

*Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қазанда №8800 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 223 қаулысымен
бекітілген

*Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары*

Осы Банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – банктер) клиенттердің металл шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды.

**1. Жалпы ережелер**

1. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) аллокирленбеген металл шот – тазартылған бағалы металдардың жеке белгілері көрсетілместен оларды есепке алу, сондай-ақ тазартылған бағалы металдарды қолма-қол емес (заттай емес) нысанда қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін банк ашатын металл шот;
2) аллокирленген металл шот – клиенттің банкке жауапты сақтауға берген тазартылған бағалы металдарын заттай нысанда, олардың жеке белгілерін сақтай отырып есепке алу үшін банк ашатын металл шот;
3) бағалы металдар – алтын, күміс, платина және платина тобының металдары (палладий, иридий, родий, рутений, осмий);
4) бағалы металдың лигатуралық массасы – қоспаларымен бірге бағалы металдан тұратын құйманың нақты жалпы массасы;
5) клиенттер – металл шот шартын жасаған жеке және заңды тұлғалар;
6) металл шот – банк пен клиент арасындағы тазартылған бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыру жөніндегі шарттық қатынастарды көрсетудің тәсілі.
Металл шоттар банк пен клиент арасында металл шот шарты жасалған кезде ашылады.
Металл шоттар аллокирленген және аллокирленбеген деп бөлінеді;
7) өлшеуіш құйма – массасы 1000 грамнан аспайтын және алтын мен күміс үшін бағалы металдың массалық үлесі кемінде 99,99 пайыз және платина мен палладий үшін 99,95 пайыз болатын, Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде өндірілген және Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде не шығарылған елдің заңнамасына сәйкес дайындалған, таңбаланған және сертификатталған, шет мемлекетте белгіленген талаптарына сәйкес келетін құйма;
8) стандартты құйма – тазарту кезеңінен өткен және:
Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде белгіленген талаптарға не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондонның платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтардың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген, Кеден одағына қатысушы мемлекеттер өндірген құймалар;
шығарылған елдің заңнамасына не Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондонның платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес дайындалған, таңбаланған және сертификатталған және осы қауымдастықтардың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген шет елде өндірілген құймалар түрінде берілген бағалы металл құймасы;
9) тазартылған бағалы металдар – өңдеуден өткен және қоспалар мен қосалқы құрамдас бөліктерден тазартылған, Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) немесе Лондонның платина тобындағы металдар қауымдастығы (London Platinum and Palladium Market)

қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына және/немесе Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде белгіленген сапа стандарттары мен талаптарына және/немесе шығарылған елдің сапа стандарттары мен техникалық талаптарына сәйкес келетін сапаға жеткізілген бағалы металдар, сондай-ақ алтын мен күміс үшін бағалы металдың массалық үлесі кемінде 99,99 пайыз болатын бағалы металдардан жасалған монеталар;

10) таңба – бағалы металл құймасын жасаушының/өндірушінің белгісі;

11) химиялық таза масса – бағалы металдың қоспаларды есептемегендегі құймадағы массасы.

2. Металл шоттар банк шоттары болып табылмайды.

3. Банктер металл шот шартын жасауға дейін клиенттерді «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.

## 2. Металл шотты ашу тәртібі

4. Металл шотты ашу клиенттің банк белгілеген нысан бойынша металл шоттың әр түрі бойынша жеке-жеке металл шот ашу туралы өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

5. Металл шотты ашу туралы өтінішті банк 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

## 3. Металл шотты жүргізу тәртібі

6. Алтынмен операциялар бағалы металдың химиялық таза массасының сандық бірлігімен, күміспен, платинамен және палладиймен операциялар бағалы металдың лигатуралық массасының сандық бірлігімен жүргізіледі.

7. Банктер металл шоттар бойынша стандартты және өлшеуіш құймалар, монеталар түріндегі және металл шот шартында көзделген өзге нысандардағы тазартылған бағалы металдармен операцияларды жүргізеді.

8. Тазартылған бағалы металдармен қарыздар тазартылған бағалы металдарды заттай нысанда клиентке жеткізу жолымен немесе тазартылған бағалы металдарды клиенттің аллокирленбеген металл шоттарына оның тазартылған бағалы металдарды қайта жеткізу міндеттемесіне айырбастай отырып аудару жолымен беріледі.

9. Тазартылған бағалы металдармен қарыз сомасын өтеу тазартылған бағалы металдарды заттай жеткізу нысанында немесе тазартылған бағалы металдарды клиенттің аллокирленбеген металл шоттарынан аудару жолымен жүзеге асырылады.

### 1-параграф. Аллокирленген металл шотты жүргізу тәртібі

10. Заттай нысандағы бағалы металдармен операциялар аллокирленген металл шот шартының негізінде металл шот бойынша жүзеге асырылады.

11. Аллокирленген металл шот шарты бойынша берілетін құйманың (монетаның) жай-күйін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін оның әрқайсысының жан-жақты сипаттамасымен қоса тазартылған бағалы металды заттай жеткізу жүзеге асырылады.

12. Аллокирленген металл шот шартында аллокирленген металл шот бойынша жүргізілетін операциялар, аллокирленген металл шотқа аударудың және аллокирленген металл шоттан қайтарудың талаптары, сондай-ақ тазартылған бағалы металдарды сақтаумен және аллокирленген металл шотты жүргізумен байланысты сыйақылар (мүдде) төлеудің тәртібі айқындалады.

13. Аллокирленген металл шот шарты бойынша банк клиентке мынадай қызмет түрлерін ұсынады:

1) тазартылған бағалы металдарды қабылдау және аллокирленген металл шотқа аудару;

2) тазартылған бағалы металдардың жеке белгілерін сақтай отырып, оларды аллокирленген металл шотта сақтау;

3) тазартылған бағалы металдарды аллокирленген металл шоттан аллокирленбеген металл шотқа және керісінше аудару;

4) аллокирленген металл шотқа аударылған тазартылған бағалы металдарды кепілге қоя отырып, ұлттық валюта – теңгемен және шетел валютасымен қарыздар беру;

5) аллокирленген металл шотты жабу;

6) аллокирленген металл шотқа аударылған тазартылған бағалы металдарды аллокирленген металл шот шартына сәйкес қайтару;

7) аллокирленген металл шот шартына сәйкес өзге де операциялар.

14. Тазартылған бағалы металдарды аллокирленген металл шоттарда есепке алу және олар бойынша операциялар жүргізу үшін мынадай жеке белгілер пайдаланылады:

1) құймалар үшін – құйманың сериялық нөмірі, өндірген кәсіпорынның тауар белгісі, лигатуралық массасы (граммен және/немесе трой унциясымен), негізгі металдың химиялық таза массасы (граммен және/немесе трой унциясымен), сынамы;

2) монеталар үшін – металдың түрі, лигатуралық массасы (граммен және/немесе трой унциясымен), негізгі бағалы металдың химиялық таза массасы (граммен және/немесе трой унциясымен), сынамы, монетаның номиналы, болған жағдайда соғылған жылы.

15. Банк аллокирленген металл шотқа заттай нысанда қабылдаған тазартылған бағалы металдар банктің меншігі болып табылмайды және банктің өз атынан және өз есебінен операцияларды жүзеге асыруына рұқсат етілмейді.

## 2-параграф. Аллокирленбеген металл шотты жүргізу тәртібі

16. Қолма-қол емес (заттай емес) нысандағы тазартылған бағалы металдарды қабылдау және орналастыру жөніндегі операциялар аллокирленбеген металл шот шартының негізінде жүзеге асырылады.

17. Аллокирленбеген металл шот шартында аллокирленбеген металл шот бойынша жүргізілетін операциялар, тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шотқа аударудың және аллокирленбеген металл шоттан қайтарудың талаптары, сондай-ақ аллокирленбеген металл шотты жүргізумен, бағалы металдарды аллокирленбеген металл шоттан заттай нысанда аударған және берген кезде олардың жеке белгілерінің өзгеруімен және аллокирленбеген металл шоттың есебіндегі бағалы металл массасының осы шоттағы заттай нысандағы қайтаруға жататын бағалы металдың массасынан ауытқуымен байланысты сыйақылардың (мүдденің) мөлшері мен төлеу тәртібі айқындалады.

18. Аллокирленбеген металл шоттар:

1) бағалы металдардың сақтау мерзімі шектеусіз болатын талап еткенге дейінгі шоттар;

2) аллокирленбеген металл шот шартында бағалы металдарды қайтару мерзімі белгіленетін мерзімді шоттар;

3) клиентке бағалы металдармен берілген қарыздарды есепке алу шоттары деп бөлінеді.

19. Аллокирленбеген металл шоттар бойынша тазартылған бағалы металдарды аударумен байланысты операцияларды жүзеге асыру үшін банктер бір-біріне аллокирленбеген металл шоттар ашады.

20. Аллокирленбеген металл шоттарда есепке алынатын тазартылған бағалы металдар тазартылған бағалы металдардың массасында (салмағында) бухгалтерлік есеп тіркелімінде көрсетіледі.

21. Аллокирленбеген металл шот шарты бойынша банк клиентке мынадай қызмет түрлерін ұсынады:

1) тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шотқа аудару;

2) қарызды тазартылған бағалы металдармен беру;

3) тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шоттан есептен шығару;

4) аллокирленбеген металл шотты жабу;

5) аллокирленбеген металл шот шартына сәйкес өзге де операциялар.

22. Тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шоттарға қабылдау және орналастыру:

1) тазартылған бағалы металдарды басқа аллокирленбеген металл шоттардан аудару;

2) тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шоттарға олар заттай жеткізілген жағдайда аудару;

3) клиентке сатылған немесе банк сатып алған тазартылған бағалы металдарды аудару жолымен жүзеге асырылады.

23. Аллокирленбеген металл шотқа есептелетін пайыздар, комиссиялық алымдар және аллокирленбеген металл шотты жүргізумен байланысты басқа да сыйақылар (мүдде) аллокирленбеген металл шот шартына сәйкес төленеді.

## 4. Металл шотты жабу тәртібі

24. Металл шот, егер металл шот шартында өзгеше көзделмесе, клиенттің өтініші бойынша кез келген уақытта жабылады.

25. Аллокирленген металл шот жабылған кезде қайтару:

1) тазартылған бағалы металдарды заттай нысанда клиентке қайтару;

2) аллокирленген металл шоттағы тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату мәмілесін жасау нәтижесінде ақшаны беру немесе клиенттің банк шотына аудару;

3) тазартылған бағалы металдарды аллокирленбеген металл шоттарға аудару жолымен жүзеге асырылады.

26. Аллокирленбеген металл шот жабылған кезде тазартылған бағалы металдарды қайтару:

1) тазартылған бағалы металдарды басқа аллокирленбеген металл шоттарға аудару;

2) аллокирленбеген металл шоттардан тазартылған бағалы металдарды заттай нысанда алу;

3) аллокирленбеген металл шоттағы тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату мәмілесін жасау нәтижесінде ақшаны беру немесе клиенттің банк шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы 2013 жылғы 27 тамыз № 213

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналарын тарту қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналарын тарту қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қазанда № 8798 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 213 қаулысымен
бекітілген

## *Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналарын тарту қағидалары*

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналарын тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ерікті зейнетақы жарналарын тарту тәртібін белгілейді.

1. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры – ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

2) ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына салымшылардың өзінің бастамасы бойынша салатын ақшасы;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт – бір тараптан ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры және екінші тараптан салымшы (зейнетақы төлемдерін алушы) жасасатын, ерікті зейнетақы жарналарына, жинақтарына және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға байланысты құқықтық қатынастарды орнату, өзгерту немесе тоқтату туралы шарт;

4) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы – ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын өзінің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) зейнетақы қағидалары – ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органы бекіткен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаты;

6) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.

2. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – Қор) қызметін ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асырады және Қағидаларда, Қордың зейнетақы қағидаларында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда ерікті зейнетақы жарналарын тартады.

3. Қор ерікті зейнетақы жарналарын тарту барысында:

1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетеді;

2) Қордың зейнетақы қағидаларында бекітілген тізбеге сәйкес құралдарды пайдалана отырып, өзінің қызметі туралы ақпаратты таратады;

3) әлеуетті салымшылармен олардың есебінен ерікті зейнетақы жарналарын зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына не егер ол жеке тұлға болса, салымшының пайдасына жүзеге асыру үшін тарту мақсатында ғана өзара әрекет жасайды;

4) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген тұлғаларды Қордың зейнетақы қағидаларымен және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарымен таныстырады;

5) Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асырады.

4. Қор Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қордың атқарушы органы бекіткен оқыту бағдарламасы бойынша оқудан өткен Қордың қызметкерлерін ғана жібереді.

5. Қордың қызметкерлерін Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға жіберуге арналған оқыту бағдарламасын Қордың атқарушы органы бекітеді және онда мыналар қамтылады:

1) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметін және Қордың инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын зерттеу;

2) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген салымшыларға Қордың қызметі туралы дәйексіз ақпарат бергені үшін Қордың және оның қызметкерлерінің жауапкершілігін түсіндіру;

3) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметі шеңберінде Қор жасайтын бизнес – процестерді зерттеу;

4) Қордың атқарушы органының шешіміне сәйкес өзге ережелер.

6. Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру кезінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға тартылған тұлғаларға:

1) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысына (алушысына) ерікті зейнетақы жарналарына инвестициялық кіріс алуға кепілдік берілмейтіні;

2) салымшылардың (алушылардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын инвестициялау нәтижесінде инвестициялық кіріс алынуы да, сондай-ақ инвестициялық шығын келтірілуі де мүмкін екенін;

3) алушы зейнетақы төлемдерін алу құқығын иелену сәтінде инфляция деңгейі ескеріле отырып нақты енгізілген зейнетақы жарналары мөлшерінде зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттің кепілдігі ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларына (алушыларына) қолданылмайтыны;

4) Қордан зейнетақы төлемдерін алу құқығы Заңның 33-бабына сәйкес туындайтыны түсіндіріледі.

7. Қордың меншікті активтері бойынша бюджет сметасында ерікті зейнетақы жарналарын тартуға арналған шығыстардың жекелеген бабы көзделеді.

8. Қордың атқарушы органы ерікті зейнетақы жарналарын тартуды:

1) Зейнетақы қағидаларына ерікті зейнетақы жарналарын тарту барысында салымшылар (алушылар) мен Қордың арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін айқындайтын іс-шараларды енгізу;

2) Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға жіберілген Қор қызметкерлерінің іс-әрекеттерін айқындайтын толық бизнес – процестерді әзірлеу;

3) Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға жіберілген Қор қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына халыққа Қордың және (немесе) басқа қаржы ұйымдарының қызметі туралы дәйексіз ақпарат бергені үшін олардың жауапкершілігі айқындалатын ережелерді енгізу;

4) Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға жіберілген Қор қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен тұрақты тексерулер жүргізу;

5) жеке және заңды тұлғалардың Қағидалардың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға жіберілген Қор қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдарын қарау және оларды қанағаттандыру бойынша шаралар қабылдау жолымен бақылайды.

9. Қордың атқарушы органының тарапынан ерікті зейнетақы жарналарын тартуға бақылау жасау нәтижелері Қордың басқару органына Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жіберіледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы 2013 жылғы 27 тамыз №216

*Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 4 шілдедегі № 204 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7857 тіркелген, 2012 жылғы 3 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 642-647 (27719) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚР Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 қазанда №8810 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 216 қаулысымен
бекітілген

*Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидалары*

Осы Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп тарату құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару немесе одан айыру кезінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару тәртібін белгілейді.

## 1. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті тарату құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару тәртібі

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - Қор) акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтаруға өтінішпен (бұдан әрі - өтініш) немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатпен (бұдан әрі - өтінішхат) өтініш жасайды.

2. Қор уәкілетті органға өтініш немесе өтінішхатты берген күнге дейін ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды Қағидалардың 3-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Қор ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару туралы және (немесе) Қордың ерікті таратылуы туралы ақпаратты өтініш немесе өтінішхатты уәкілетті органға беру күніне дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялайды.

4. Қордың бірінші басшысы қол қойған және Қордың мөрімен расталған өтініш уәкілетті органға Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Өтінішпен бірге мынадай құжаттар қоса беріледі:

Қор акционерлерінің жалпы жиналысының ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару туралы шешімі;

ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелерінің жоқ екенін және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет

бойынша қолданыстағы шарттардың жоқ екенін растайтын құжат;

өтінішті жіберген күннің алдындағы күнде жасалған Қордың бухгалтерлік балансы және оған түсіндірме жазба. Қордың бухгалтерлік балансына түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомаларын және олардың пайда болу негіздемелерін көрсете отырып, Қордың кредиторлары (олар бар болса) туралы ақпарат;

Қордың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, Қордың кастодиан банкінің және Қордың зейнетақы активтерін басқарушысының (осындай бар болса) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және мөрлерімен расталған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісі;

Уәкілетті орган өтінішті қарау кезінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің жоқ екенін және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша қолданыстағы шарттардың жоқ екенін растайтын құжаттарды тексереді.

Уәкілетті орган өтінішті осы тармақтың бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес тиісінше ресімделген құжаттарды алған күннен бастап үш айдың ішінде қарайды.

Қордың бірінші басшысы қол қойған және Қордың мөрімен расталған және Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған өтінішхатпен бірге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) акционерлердің жалпы жиналысының Қорды ерікті тарату туралы шешімі;

2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген міндеттемелердің жоқ екенін растайтын құжат;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарда көзделген міндеттемелердің жоқ екенін растайтын бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба.

Қордың бухгалтерлік балансына түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомаларын және олардың пайда болу негіздемелерін көрсете отырып, Қордың кредиторлары (олар бар болса) туралы ақпарат.

Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көрсетілген бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба өтінішхатты жіберген күннің алдындағы күнде жасалады.

Қағидалардың осы тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжатқа Қордың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, Қордың кастодиан банкінің және Қордың инвестициялық портфелін басқарушының бірінші басшылары (осындай бар болса) немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған, мөр таңбасымен расталған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісі қоса беріледі.

Уәкілетті орган өтінішхатты қарау кезінде барлық лицензияланатын қызмет түрі бойынша міндеттемелердің жоқ екендігін растайтын құжаттарды, сондай-ақ барлық лицензияланатын қызмет түрі бойынша қолданыстағы шарттардың жоқ екендігі туралы құжаттарды тексереді.

Өтінішхатты уәкілетті орган осы тармақтың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес тиісінше ресімделген құжаттарды алған күннен бастап үш айдың ішінде қарайды.

5. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару:

1) Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген толық құжаттар пакетін ұсыну;

2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының азаматтық, қаржылық заңнамаларына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамтамасыз ету заңнамасына сәйкес келуі;

3) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің болмауы және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша қолданыстағы шарттардың болмауы талаптарын орындаған кезде жүргізіледі.

6. Қорды ерікті таратуға рұқсат беру:

1) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген толық құжаттар пакетін ұсыну;

2) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының азаматтық, қаржылық заңнамаларына және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамтамасыз ету заңнамасына сәйкес келуі;

3) барлық лицензияланатын қызмет түрлері бойынша міндеттемелердің болмауы және барлық лицензияланатын қызмет түрлері бойынша қолданыстығы шарттардың болмауы;

4) Қордың барлық кредиторларының талаптарын қанағаттандыру үшін қаражаттың жеткіліктілігі талаптарын орындаған кезде жүргізіледі.

7. Қор Қағидалардың 6-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару үшін, уәкілетті орган Қорға ескертулерді көрсете отырып жазбаша жауап жібереді. Қор өтінішті қайталап берген кезде уәкілетті органның оны қарау мерзімі оны қайлалап берген күнінен басталады.

Қор Қағидалардың 7-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, Қорды ерікті таратуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қорды ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартады.

Уәкілетті орган ерікті таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы негізделген шешімді Қордың басқарушы қызметкерлеріне және акционерлеріне жібереді.

8. Қор уәкілетті органның Қордың ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтаруды жүзеге асыруға мүмкіндігі туралы хатын немесе рұқсатын алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей лицензияны (лицензияларды) және (немесе) лицензияның қосымшасын (лицензиялардың қосымшаларын) уәкілетті органға қайтарады.

Уәкілетті органның Қордың ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтаруды жүзеге асыруға мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға Қор атауынан «ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздерді және (немесе) «ЕЖЗҚ» деген аббревиатураны алып тастау бөлігінде Қордың мемлекеттік қайта тіркелуі туралы хабарлайды.

9. Қор акционерлерінің жалпы жиналысында тарату комиссиясы тағайындалады және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қорды ерікті тарату тәртібін және мерзімдерін белгілейді.

10. Қағидалардың 7-тармағының 4) тармақшасында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда Қор Қағидалардың 2-тарауында көзделген тәртіппен банкроттық негізі бойынша мәжбүрлеп таратылады.

## 2. Қорды мәжбүрлеп тарату тәртібі

11. Қорды мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қорды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күн Қорды мәжбүрлеп таратудың басталуы болып табылады.

12. Сот Қорды мәжбүрлеп тарату туралы шешімді лицензиядан айырылуына байланысты емес негіз бойынша қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіппен оны лицензиядан айыру туралы мәселені қарайды.

13. Қордың тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сот шешімімен тағайындалады.

14. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру Қорды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннің ішінде, Қағидалардың 3-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асады.

## 3. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтарған немесе одан айырған, Қорларды ерікті және мәжбүрлеп таратқан кезде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру

15. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беруді:

Қор лицензиясын ерікті қайтарған, ерікті тараған және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельдерді басқаруға берілген лицензиясынан айырған жағдайларда – Қор;

сот шешімі бойынша Қорды мәжбүрлеп таратқан жағдайда – Қордың тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру Қағидалардың 21, 27, 29 және 32-тармақтарына сәйкес жасалған зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

16. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру мыналарды:

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру бойынша іс-шараларды:

оларды орындау мерзімін және орындауға жауапты адамдарды, сондай-ақ Қор (Қордың тарату комиссиясы) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беретін құжаттар мен ақпараттар тізбесін айқындайтын жоспарға (бұдан әрі – іс-шаралар жоспарына) сәйкес жүзеге асырылады.

17. Іс-шаралар жоспарында:

1) Қор (Қордың тарату комиссиясы) мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында Қордың ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу және салымшылардың (алушылардың) осы жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинақтарын аудару;

3) Қордың (Қордың тарату комиссиясының) Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында Қордың ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын жабуы;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қордың зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының есебіне тұруы;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдауы кезеңінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдаған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бойынша Қор міндеттемелерін орындауы;

6) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-өткізу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және Қордың бағдарламалық – техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету;

7) Қордың (Қордың тарату комиссиясының) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына құжаттар мен ақпараттарды қағаз және электрондық тасымалдағыштармен беруі;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау барысында Қормен (Қордың тарату комиссиясымен), бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкімен, инвестициялық портфельді басқарушымен (осындай бар болса) өзара әрекеттесуді болжау бойынша іс-шаралармен қоса ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді Қордың (Қордың тарату комиссиясының) беруін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдауын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды өткізу (іске асыру) тәртібі көзделеді.

19. Қор (Қордың тарату комиссиясы) және инвестициялық портфельді басқарушы (осындай бар болса) тапсырады, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде мынадай құжаттар мен ақпаратты қабылдайды:

1) қолданыстағы (ашық) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бар ерікті зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан және оларға қатысты сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарының төлемдері мен зейнетақы жинақтарының аударымдары жүзеге асырылған ерікті зейнетақы жарналарын алушылардың жеке зейнетақы шоттарынан ағымдағы және тарихи деректер;

2) барлық құжаттары қоса берілген ерікті зейнетақы жарналары есебінен қолданыстағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың және оларға қосымша келісімдердің түпнұсқалары;

3) құжаттардың түпнұсқалары және Қордың бұдан бұрын сақтандыру ұйымдарына жүргізген зейнетақы жинақтарының төлемдері мен зейнетақы жинақтарының аударымдары бойынша ақпарат;

4) мыналарды қоса алғанда, Қордың ерікті зейнетақы жарналары есебінен инвестициялық қызметі жөніндегі құжаттары:

инвестициялық комитеттің отырыстары хаттамаларының түпнұсқалары;

ұсынымдарды жасауда пайдаланылған құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып, қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға ұсынымдардың түпнұсқалары;

тәуекелді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша қорытындыларының түпнұсқалары;

инвестициялық шешімдердің түпнұсқалары;

Қордың немесе инвестициялық портфельді басқарушының қаржы құралдарымен мәмілелерді жасауға клиенттік тапсырыстарының (зейнетақы активтерін есепке алу үшін Қордың шоты бойынша операцияларды жасауға бұйрықтардың) түпнұсқалары;

ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған нарықта, халықаралық (шетелдік) нарықта мәмілелер жасауды және тіркеуді растайтын құжаттардың түпнұсқалары (trade ticket, trade confirmation, биржа куәлігі, қаржы құралдарын сатып алу-сату шарты, клиенттік тапсырыстарды орындау (орындамау) туралы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептері);

ол бойынша мәмілелер халықаралық (шетелдік) нарықта жасалған борыштық бағалы қағаздар шығарылымының индикативтік шарттары (бар болса);

екінші деңгейдегі банктермен банк салымдары шарттарының түпнұсқалары;

қабылданған инвестициялық шешімдердің, зейнетақы активтерінің есебінен жасалған және орындалған мәмілелердің журналдары (құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру күнінің алдындағы бес жылға);

зейнетақы активтері бойынша айналым – сальдо ведомостері (соңғы есепті күнге және құжаттарды және ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру күніне);

зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік баланс (соңғы есепті күнге және Қордың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру басталған күнге);

пайдалар мен шығындар туралы есеп (соңғы есепті күнге және Қордың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру басталған күнге);

төлемдер бойынша ай сайынғы есептер;

Қор қызметінің барлық кезеңінде инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы ай сайынғы анықтамалар;

зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептер (Қор қызметінің барлық кезеңінде әрбір есепті айдың бірінші күніне және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру басталған күнге);

комиссиялық сыйақы, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы, зейнетақы активтері бойынша ақша қозғалысы бойынша салыстырып тексеру актілерін қоса, кастодиан банкпен салыстырып тексеру актілерінің түпнұсқалары;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша эмитенттен берешектерді өндіріп алу жөніндегі құжаттардың түпнұсқалары (сот актілері, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі құжаттар);

5) іс-шаралар жоспарында белгіленген тізбеге сәйкес өзге құжаттар мен ақпарат.

20. Қағидалардың 19-тамарғы 1) тармақшасында және 4) тармақшасының оныншы абзацында көрсетілген ақпарат электронды тасымалдағыштарда ұсынылады.

Қағидалардың 19-тармағы 2), 3), 4) (оныншы абзацты қоспағанда) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар:

қағаз тасымалдағышта ұсынылады;

іс қағазға жылдар бойынша қалыптастырылады, нөмірленеді, тігіледі. Әрбір іс қағаз 180 парақтан аспайды және оған ішкі тізімдеме қосылады, ол қағаз тасымалдағышта екі данада жасалады (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электронды нұсқасын берумен), оған жасаушы лауазымын және қол қоятын күнін көрсете отырып, қол қояды және Қордың (Қордың тарату комиссиясының) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) мөрімен расталады.

Сақтау мерзімі уақытша құжаттар Қағидалардың 19-тармағы 4) тармақшасына сәйкес сол тәртіппен, бірақ ішкі тізімдемені көрсетпей қалыптастырылады.

21. Қордың (Қордың тарату комиссиясының) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Қағидалардың 19-тармағында көзделген құжаттар мен ақпаратты электронды және қағаз тасымалдағыштарда беруі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Қордың (Қордың тарату комиссиясының), инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және олардың мөрлерімен расталған құжаттарды қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

Қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қабылдау-өткізу актілерінде іс қағаздар атауларының тізбесі, іс қағаздардың жылы және олардың әрбірі бойынша парақтарының саны көрсетіледі.

22. Қор (Қордың тарату комиссиясы) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру басталған күні мыналарды құрады және оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электронды форматта жібереді:

1) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған ерікті зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) тізімі;

2) олардың зейнетақы жинақтарының сомалары «анықтағанға дейінгі басқа да сомалар» шотында саналатын ерікті зейнетақы жарналарын салымшылардың (алушылардың) тізімі;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы және тоқтатылған шарттар бойынша онымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты негізінде зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға байланысты ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын төлеуге арналған орындалған өтініштерінің тізімі;

4) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы және тоқтатылған шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын төлеуге арналған орындалған өтініштерінің тізімі;

5) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) тізімі;

6) кредиторлық берешегі өтелген зейнетақы жинақтарының сомалары «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шотында есептелетін салымшылардың (алушылардың) тізімі;

7) ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары жөніндегі операциялар туралы, салымшылар (алушылар) деректемелерінің өзгеруі жөніндегі, Қор қызметінің барлық кезеңінде жүзеге асырылған салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының бірігуі жөніндегі ақпаратты.

23. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қордан (Қордың тарату комиссиясынан) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күні:

1) автоматтандырылған ақпараттық жүйенің деректер базасында Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашады;

2) Қорға (Қордың тарату комиссиясына) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашқандығы туралы Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты жібереді.

24. Егер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында салымшыда (алушыда) ерікті зейнетақы жарналарын есепке алатын осының алдында ашылған жеке зейнетақы шоты бар болса, онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры оған жаңа жеке зейнетақы шотын ашпайды, мұндай салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын есепке алу оған осының алдында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жарналарын есепке алу үшін аударым жасау арқылы жүзеге асырады.

25. Қор (Қордың тарату комиссиясы) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынған ақпарат негізінде, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында салымшылардың (алушылардың) Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жеке зейнетақы шоттарын жабады.

26. Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген тізімдерді Қор (Қордың тарату комиссиясы) электронды тасымалдағышта сақтайды және оны бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тексереді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдері тексерген соң Қордың (Қордың тарату комиссиясы) өкілдерін қатыстыра отырып, Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген тізімдердің қосымша көшірмелерін электронды тасымалдағышта жасайды, оларға мөр басылады, пломба салынады және қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

Электронды тасымалдағыштардың мөр басылған, пломба салынған екі данасы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі, мөр басылған, пломба салынған электронды тасымалдағыштардың бір данасы жұмыс үшін қалдырылады, екінші данасы тұрақты негіздегі резервтік көшірме ретінде сақталады.

27. Қордың (Қордың тарату комиссиясының) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілгендей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ақпарат жіберу кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және Қордың (Қордың тарату комиссиясының) бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның қолы қойылған және олардың мөрлерімен расталған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

28. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан Қордың инвестициялық портфелін құрайтын қаржы құралдары туралы ақпарат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкіне электронды түрде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры әзірлеген форматқа сәйкес жіберіледі.

29. Қағидалардың 28-тармағында көзделген ақпаратты жіберу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Қордың (Қордың тарату комиссиясының), Қордың кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушы ұйымның (осындай бар болса) бірінші басшылары қол қойған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

30. Қағидалардың 28-тармағында көзделген ақпаратты қабылдау-өткізу актісінде мынадай мәліметтер бар:

1) жіберілген күнгі зейнетақы активтерінің жалпы сомасы, оның ішінде:

шоттардағы ұлттық және шетел валютасындағы инвестицияланбаған ақша қалдығы;

ұлттық сәйкестендіру нөмірін, айналыс мерзімін, санын, сатып алу бағасын, акция үшін пайыздар мен дивидендтер бойынша облигацияларды, есептелген кіріс үшін номиналдан пайыз үшін есептелген кірістегі бір бағалы қағаздың ағымдық құнын көрсеткендегі жіберілетін бағалы қағаздардың сомалық құны;

банктің атауын, салым сомасын, банктік салым шартын жасау күнін, шарттың қолданылу мерзімін, салым бойынша сыйақының жылдық мөлшерлемесін, салым бойынша есептелген және алынған сыйақы сомасын көрсеткендегі екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;

осы қаржы құралдарына тән сомаларды, санды және қосымша сипаттамаларды көрсеткендегі басқа қаржы құралдарының тізбесі;

2) зейнетақы активтері бойынша міндеттемелер сомасы, оның ішінде қате есептелген сомалар;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелердің осының алдында басталған күн соңындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебі.

31. Орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі кастодиан банктің жеке шоты аясында ашылған Қордың бағалы қағазды есептен шығару жөніндегі операцияларын және оларды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің жеке шоты аясында ашылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотын есепке алатын орталық депозитарий Қордың кастодианы және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің екі қарама-қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді.

Қаржы құралдарын аударым жасауды тіркеу жөніндегі бұйрық Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

32. Орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі кастодиан банктің жеке шоты аясында ашылған Қордың қосалқы шотынан бағалы қағаздарды есептен шығару жөніндегі операцияларды тіркегеннен кейін орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан

банкінің жеке шоты аясында ашылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотына есепке алғаннан кейін орталық депозитарий (орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде ескерілген қаржы құралдары бойынша), Қордың кастодиан банкі және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қордың қосалқы шотынан есептен шығарылған бағалы қағаздар қалдықтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотында тұрған бағалы қағаздар қалдықтарымен салыстыруды жүзеге асырады.

Салыстырып тексеру салыстырып тексеруге қатысатын тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қабылдау-өткізу актімен ресімделеді және тараптардың мөрімен расталады.

33. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді жіберуге байланысты шығыстар Қордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидаларына
1-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау
комитетінің Төрағасына
______________________

*Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны ерікті қайтару туралы өтініш*

________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
(Қордың атауы)

Қор акционерлерінің жалпы жиналысының
________________________________________________________________________________
(өткізілетін орны)

_____ жылғы «____» ________________ № ____ шешіміне сәйкес

________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
(Қордың атауы)

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтаруын жүзеге асыруды сұрайды.

Қор өтінішпен қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Қордың бірінші басшысы (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, аталған өкілеттіктерді алуға негіз болып табылған құжатқа сілтеме)

______________________________
(қолы) мөр

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы
зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу,
сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен
қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері
мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді
басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару қағидаларына
2-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау
комитетінің Төрағасына
______________________

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті таратуға рұқсат алу туралы өтінішхаты*

______________________________________________________________________________
(Қордың атауы)
Қор акционерлерінің жалпы жиналысының
______________________________________________________________________________
(өткізілетін орны)
_____ жылғы «____» _______________ № ____ шешіміне сәйкес

Қорды _________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
(Қордың атауы)
ерікті түрде таратуға рұқсат беруді сұрайды.

Қор өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Қордың бірінші басшысы (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, аталған өкілеттіктерді алуға негіз болып табылған құжатқа сілтеме)

___________________________
(қолы) мөр

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы
зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу,
сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен
қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері
мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық
портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

*Қаржы құралдарын*
*«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға*
*аударуды тіркеуге бұйрық*

Күні ______________ Шығыс нөмірі ____________

Депоненттің толық атауы

---

Есептеу күні | | | / | | / | | | | |

Қатысушылардың қосалқы шоттарының нөмірлері

Жөнелтушінің қосалқы шотының нөмірі | | | | | | | | | | |

Алушының
қосалқы шотының нөмірі | | | | | | | | | | |

Қаржы құралдарының деректемелері

| Р/с №№ | Сәйкестендіру нөмірі (ҰСН, ISIN немесе өзге де сәйкестендіргіш) | Саны |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 2 | | |
| … | | |

*Бірінші қол* ____________________
*Екінші қол* ____________________
Мөр орны

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

| | | |
|---|---|---|
| Алматы | 2013 жылғы 27 тамыз | №240 |

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 22 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 12 қазанда № 8816 тіркелді*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 240 қаулысымен
бекітілді

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары*

Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 2003 жылғы 2 шілдедегі және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – Қор) және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қордың Директорлар кеңесі және басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Қағидаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді және Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды жүзеге асыру саласында өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына жағдай жасайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) корпоративтік басқару - Қордың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерге Қордың қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін, акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің, басқарманың және өзге де органдары арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені болып табылатын Қорды стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;

2) мүдделер қайшылығын басқару – Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүдделері олардың шешімдер қабылдауының және міндеттер атқаруының әділдігіне және тәуелсіздігіне әсер етуі, сондай-ақ олардың Қор салымшыларының (зейнетақы төлемдерін алушыларының) және (немесе) Қор акционерінің мүдделерінде әрекет жасау міндеттемесіне қайшы келуі мүмкін жағдайларына жол бермеу тетіктерін құру;

3) операциялық тәуекел – ішкі процестерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер тарапынан, ақпараттық технологиялар мен жүйелердің жұмыс істеуі барысында жол берілген кемшіліктердің немесе қателіктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі, оған:

жауапкершілікті бөлуді, есеп беру және басқару құрылымын қоса алғанда, Қордың анық емес және тиімсіз ұйымдық құрылымына;

ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегияларға, саясатқа және (немесе) стандарттарға, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктерге;

шындыққа сай келмейтін ақпаратқа не оны тиісінше пайдаланбауға;

қызметкерлерді тиімді басқармауға және (немесе) Қордың білікті емес штатына

Қордың қызметін жүзеге асыру процесінің құрылу тиімділігі жеткіліксіз не ішкі қағидаларды сақтауды бақылаудың нашар болуына;

Қордың қызметіне сыртқы ықпал етудің күтпеген немесе бақыланбайтын факторларына;

Қордың қызметін реттейтін ішкі құжаттарында (қағидаларында) кемшіліктердің немесе қателердің болуына;

Қор басшылығының және қызметкерлерінің клиенттік базасының тарылыуына, клиенттердің және (немесе) қарсы әріптестердің Қорға деген сенімсіздігіне немесе теріс қабылдауына әкелген кәсіби емес іс-қимылдарына байланысты тәуекелдер кіреді;

4) бедел тәуекелі - қоғамның жағымсыз пікірі немесе Қорға деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі;

5) тәуекелдерді басқару жүйесі - төрт негізгі элемент: тәуекелді бағалау, тәуекелді өлшеу, тәуекелді бақылау және тәуекел мониторингі кіретін үдеріс;

6) форс-мажор жағдайы - төтенше және еңсерілмейтін (осы жағдайлар кезінде) оқиға (дүлей күш);

7) ішкі аудит қызметі - Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес құрылған, негізгі функциясы Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау болып табылатын Қордың бөлімшесі;

8) ішкі бақылау жүйесі - Қордың рентабельдіктің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қордың саясатын, ішкі қағидаларды және рәсімдерді сақтауға, Қордың шығындар тәуекелін немесе бедел тәуекелін төмендетуге ықпал ететін қаржылық және басқарушылық есептілігінің дәйектілігін қолдаудың ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыруын қамтамасыз ететін ішкі бақылаудың рәсімдері мен саясатының жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару жүйесінің элементі;

9) ішкі құжаттар - Қордың, олардың органдары, құрылымдық бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері), қызметкерлері қызметінің талаптарын және тәртібін реттейтін құжаттар.

3. Қор жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) Қағидалардың **1-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды орындауды бағалау жөніндегі есепті ұсынады, оған:

1) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың тізбесі;

2) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкестігін (сәйкессіздігін) дербес бағалау;

3) тәуекелдерді басқару жүйесінде кемшіліктер анықталған жағдайда түзетілуі тиіс кемшілікті, кемшілікті жою үшін қажетті іс-шаралар, жауапты адамдар және іс-шараларды орындаудың нақты мерзімдері көрсетілген оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары кіреді.

Қордың Қағидалар талаптарының орындалуына жүргізген бағалауының барабарлығын Комитет айқындайды.

4. Қағидалардың 1-тармағының талаптары (директорлар кеңесінің және басқарманың тәуекелдерді басқару жүйесінің сәйкестігін қамтамасыз етуі және құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің тәуекелдерді басқару саласында өздеріне жүктелген міндеттемелерді орындауына жағдай жасауы бөлігінде), сондай-ақ Қағидалардың 2-тармағының 3), 5) және 9) тармақшаларының, 3-тармағының талаптары ЕЖЗҚ қызметіне қолданылады.

## 2. Тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына негізгі талаптар

5. Қорда тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы Қор қызметінің корпоративтік басқару, ақпараттық жүйелердің және басқару ақпараты жүйелерінің жұмыс істеуі жөніндегі талаптарға сәйкес келуін көздейді.

6. Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі оның қызметінің мына бағыттарын қамтиды:

1) салымшыларды (зейнетақы төлемдерін алушыларды) тарту және зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу процесін ұйымдастыру, жүргізу және басқару;

2) Қордың қызметі барысында пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етудің аудиті;

3) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ішкі рәсімдерді және құжаттарды әзірлеу және бекіту;

4) салымшылармен (зейнетақы төлемдерін алушылармен) жұмысты ұйымдастыру тәртібін белгілеу және олардың зейнетақы жинақтарын есепке алу, оған мыналар кіреді:

есептің дәйектілігін және жеке зейнетақы шоттарының уақтылы ашылуын және салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына ақшаның уақтылы келіп түсуін, зейнетақы жинақтарын уақтылы төленуін және аударылуын қамтамасыз ететін рәсімдер;

салымшылар (зейнетақы төлемдерін алушылар) шағымдарының және өтініштерінің белгіленген мерзімде мәні бойынша қаралуына кепілдік беретін рәсімдер;

салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) зейнетақы жинақтарын аударудың және төлеудің уақтылы жүзеге асырылуына кепілдік беретін рәсімдер;

салымшыларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға), сондай-ақ Қормен зейнетақымен қамсыздандыру

туралы шартын жасауға ниеттенген адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметі мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсету бойынша рәсімдер;

зейнетақы және меншікті активтерді есепке алудың Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы **заңнамасының** талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін рәсімдер;

комиссиялық сыйақының дұрыс есептелуін тексеруді жүзеге асыру тәртібі;

Қорда салымшылармен (зейнетақы төлемдерін алушылармен) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау жөніндегі қызметтің ұйымдастырылуын бақылау рәсімдері;

салымшыларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға), сондай-ақ Қормен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартын жасауға ниеттенген адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі функциялары жүктелген Қор қызметкерлерінің қызметін бақылау рәсімдері;

5) Қорды басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымын құру;

6) Қордың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – Ұлттық Банк) өзара әрекеттесу;

7) зейнетақы активтері мен жинақтары жөніндегі ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату.

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі қосымша Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес ақпарат алмасу жүйесін ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесіне қолдау көрсету үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету бойынша бағыттарды қамтиды.

7. Тәуекелдерге мониторинг жүргізудің, басқарудың және бақылаудың мақсаты:

1) тәуекелдерді және қауіптерді уақтылы анықтау;

2) тәуекелдер көрсеткіштерінің ең жоғары жол берілетін мәндерін бағалаудың сапасын арттыру;

3) тәуекелдерді бақылаудың балама тетіктерін дамыту;

4) тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша уақтылы шараларды қабылдауды қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, Қордың жекелеген құрылымдық бөлімшелерін тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бағалау процесіне тарту, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару саласындағы жауапкершілігін арттыру болып табылады.

8. ЕЖЗҚ тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру барысында Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3), 4), 7) тармақшаларын және екінші бөлігін (ақпаратпен алмасу жүйесін ұйымдастыру бойынша талаптар бөлігінде), сондай-ақ 7-тармағын басшылыққа алады.

## 3. Ішкі бақылауды ұйымдастыру

9. Қорда ішкі бақылау жүйесі:

1) Қордың операциялық және қаржылық қызметін қамтамасыз ету;

2) зейнетақы жинақтарының есебін жүргізудің сенімділігін, толықтығын және уақтылы жасалуын қамтамасыз ету;

3) Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, Қордың ішкі саясаты мен рәсімдерін анықтайтын құжаттарды тексеру арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау үшін құрылады.

10. Ішкі бақылау жүйесі өзара байланысы бар бес элементтен тұрады:

1) басқарушылық бақылау;

2) тәуекелді анықтау және бағалау;

3) өкілеттіктерді бақылауды және бөлуді жүзеге асыру;

4) ақпарат және өзара іс-әрекет;

5) мониторинг жүргізу және кемшіліктерді түзету.

11. Қорда Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі мынадай үш кезеңнен үздіксіз кезекпен өту принципі бойынша өтуі тиіс:

1) Қордың ішкі құжаттарына рәсімдерді қосу арқылы ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру (тиімділікті бағалау нәтижелерін ескере отырып);

2) жұмыста Қордың ішкі құжаттарында айқындалған ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін пайдалану;

3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізу.

12. Қордың Ішкі бақылау жүйесіне:

1) Қордың директорлар кеңесіне және басқармасына қаржылық қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін қоса бере отырып, Қордың қаржылық қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді беру арқылы қойылған мақсаттар мен міндеттерге Қордың қол жеткізуін тексеру;

2) бөлімше жетекшісінің жоспарлы көрсеткіштерден ауытқулардың болуына жүргізген мониторингті қамтитын бөлімше қызметінің нәтижелерін тұрақты бақылауы және осындай ауытқулардың себептерін анықтау;

3) Қордың басшы қызметкерлерінің жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуларды және жоспарлы көрсеткіштердің орындалмау себептерін қамтитын құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы Қордың бөлімшелері басшыларының стандартты есептерін тексеруі;

4) Қордың материалдық активтеріне қол жетімділікті шектеу;

5) анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын тексеру;

6) міндетті авторизацияны талап ететін операциялар тізбесіне қойылатын талаптарды белгілеу;

7) Қордың қызметіне байланысты операцияларды жасау талаптарын және тәуекелдерді басқару модельдерін қолдану нәтижелерін тексеру;

8) Қордың есебінде және есептілігінде жүргізілген операциялардың уақтылы, дұрыс, толық және нақты көрсетілуін тексеру;

9) Қордың қызметтерін қылмыстық мақсаттарда, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстау) және терроризмді қаржыландыру мақсаттарында пайдалануды болдырмау кіреді.

13. Қордың ішкі аудит қызметі директорлар кеңесінің ішкі бақылау жүйесінің жай-күйін объективті бағалау мен оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды беру жолымен ішкі бақылаудың тепе-тең жүйесінің болуын және қызмет істеуін қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыру кезінде туындайтын міндеттерді шешу мақсатында құрылады.

Ішкі аудиттің мақсаты Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау жүйелерінің және тәуекелдерді басқарудың тепе-теңдігі мен тиімділігін бағалау, Қордың ішкі қағидалары мен рәсімдерінің сақталуын, ішкі және сыртқы аудиторлар ұсынымдарының, Комитет және Ұлттық Банк қолданатын шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларды Ұлттық Банктің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға қатысты белгіленген талаптарының орындалуын бақылау, Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің өздеріне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындау барысы туралы уақтылы әрі дәйекті ақпарат беруін, сондай-ақ жұмысты жақсарту жөніндегі пәрменді әрі тиімді ұсынымдар беруін қамтамасыз ету болып табылады.

14. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін Қордың директорлар кеңесі тағайындайды және тексерілетін Қордың құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне байланысты барлық қажетті, оның ішінде коммерциялық және (немесе) өзге де Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттарға қол жеткізе алады.

15. Қордың ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің:

1) жоғары білімі;

2) Қордың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі;

3) қаржы қызметтерін көрсету немесе реттеу саласында бір жылдан артық еңбек өтілі (тәжірибесі) бар, сондай-ақ экономикалық қызмет саласында жасалынған қылмысы үшін, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ болуы тиіс.

16. Ішкі аудит қызметі Қордың құрылымдық бөлімшелердің қызметін тексеруді кем дегенде жылына бір рет кезеңділікпен жүзеге асырады.

Тексеру жоспарын Қордың директорлар кеңесі бекітеді.

17. Қордың ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары:

1) Қордың құрылымдық бөлімшелерін, филиалдарын тексеру;

2) Қордың директорлар кеңесіне, басқармасына орын алған кемшіліктер жөніндегі тұжырымдарды қамтитын тексеру нәтижелері бойынша есептерді және Қордың қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды дайындау;

3) анықталған тәуекелдер деңгейін төмендетуді немесе бөлімше басшысының және (немесе) директорлар кеңесінің Қор үшін анықталған тәуекелдердің жарамдылығы туралы шешім қабылдауын

құжаттауды қамтамасыз ететін Қордың құрылымдық бөлімшелерінің тексеру нәтижелері бойынша Қордың бөлімшелері мен органдары қабылдаған іс-шаралардың тиімділігіне бақылау жасауды жүзеге асыру;

4) ішкі және сыртқы аудиттер жүргізілуі тиіс Қордың операцияларындағы тәуекелдің саласын анықтау;

5) Қордың басшылығына және сыртқы пайдаланушыларға берілетін қаржылық ақпараттың дәйектілігін және дәл болуын қамтамасыз ету мәніне Қордың ішкі бақылау жасау рәсімдерін бағалау;

6) Қордың ішкі құжаттарында көзделген басқа да функциялар болып табылады.

18. Қордың ішкі аудит қызметі жүргізетін тексерулер барысында мынадай мәселелер қаралуы тиіс:

1) ішкі бақылаудың процесстері мен рәсімдерін тексеру, олардың тиімділігін бағалау;

2) тәуекелдерді бағалау әдіснамасын және тәуекелдерді басқару рәсімдерін (операцияларды жасаудың әдістемелерін, бағдарламаларын, қағидаларын, тәртіптерін және рәсімдерін) қолданудың және тиімділігінің толықтығын тексеру;

3) деректер базасының тұтастығына және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауға, күтпеген жағдайлар туындағанда іс-қимыл жоспарларының болуына бақылау жасаумен қатар, автоматтандырылған ақпараттық жүйелер жұмысының тиімділігін тексеру;

4) қаржылық есептіліктің дәйектілігін, толықтығын, объективтілігін, бухгалтерлік есепте операцияларды көрсетудің уақтылылығын, сондай-ақ ақпарат пен есептілікті жинаудың және берудің сенімділігі мен уақтылылығын тексеру;

5) Қордың қызметі шеңберінде Қор берген кез келген мәліметтер мен ақпараттардың дәйектілігін, толықтығын, объективтілігін және уақтылылығын тексеру;

6) Қор мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын тәсілдерді (әдістерді) тексеру;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

8) Қордың қызметкерлерін басқару қызметінің жұмысын бағалау;

9) күн сайынғы баланстарды өңдеудің дұрыстығы;

10) есеп саясатының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келуі;

11) Қордың меншікті және зейнетақы активтерін есепке алудың дұрыстығы;

12) өзге де мәселелер.

19. Ішкі аудит жүргізу барысында міндетті түрде пайдаланылатын бағалау жүйесі бағалаудың мынадай нұсқаларын қамтиды:

1) «Маңызды жағдай»:

ішкі аудит нәтижелері бойынша ішкі рәсімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының өрескел бұзушылықтары анықталды;

процесс тұтастығына зиян келтіруі мүмкін жоғары тәуекелді жою жөнінде жедел әрі тиімді түзету шарасы талап етіледі;

құрылымдық бөлімшелерді қайта құрылымдау талап етіледі;

2) «Тәуекелдің жабылуы жеткіліксіз»:

ішкі аудит нәтижелері бойынша ішкі рәсімдерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу анықталды;

анықталған жөнсіздіктерді ішкі аудит қызметі белгілеген түзету шараларын міндетті түрде орындау арқылы жоюға болады;

3) «Жалпы бақылауға алынған»:

нәтижелер әдеттегі іскерлік операциялар барысында жойылуы мүмкін шамалы кемшіліктерді көрсетеді;

кейбір кейінгі түзету шаралары ұсынылады;

4) «Барлық аспектілер бойынша жақсы»:

тәуекел мен жабу арасындағы дұрыс тепе-теңдік;

нәтижелер тек шамалы кемшіліктерді немесе олардың толық жоқ екендігін көрсетеді;

шамалы түзету шаралары талап етіледі немесе мүлдем талап етілмейді.

20. Қордың директорлар кеңесі мен басқармасы ішкі аудит қызметінің есептерін талдайды және ішкі аудит қызметі анықтаған жөнсіздіктерді Қордың одан кейінгі қызметінде жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдайды.

Қағидалардың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген шаралар Қордың директорлар кеңесі мен басқармасының шешімдері (қаулылары) түрінде ресімделеді.

21. Қордың басқармасы ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына жедел бақылау жасайды және Қордың директорлар кеңесінің алдында осындай бақылаудың нәтижелері туралы есеп береді.

22. Қордың ішкі аудит қызметінің есептері Комитетке оның сұрау салуы бойынша беріледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына
және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына
арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
жүйесін қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

1-нысан

*Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын*
*талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп*

«_________________________________________»
(бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)
«______» жылға

| № | Қағидалардың тиісті абзацын, тармақшасын, тармағын көрсету | Талапқа сәйкес келуін бағалау | Анықталған кемшіліктер | Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жауапты тұлғалар және іс-шаралардың орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сәйкестігін бағалау: ___

Кестені толтыру бойынша түсініктеме:

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сәйкес келуін бағалау мынадай белгілердің үш балдық жүйесі бойынша жүзеге асыру қажет: сәйкес келеді, ішінара сәйкес келеді, сәйкес келмейді.

1. «Сәйкес келеді» бағалауы Қор тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың критерийін қандай да бір маңызды кемшіліксіз орындауы кезінде шығарылады.

2. «Ішінара сәйкес келеді» бағалауы Қордың тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты критерийін сақтауға қол жеткізу кезіндегі мүмкіндігіне қатысты нақты күмәннің пайда болуы үшін жеткілікті деп саналмайтын кемшіліктер анықталған кезде шығарылады.

3. «Сәйкес келмейді» бағалауы Қор тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың критерийін орындамаған кезде шығарылады.

4. Егер тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын жекелеген талаптар Қорға қатысты қолданылмайтын жағдайда, осы критерийге сәйкес келуді бағалау жүзеге асырылмайды және тиісті «қолданылмайды» деген жазбамен белгіленеді.

Қордың бірінші басшысы (не оның орнындағы тұлға)

_________________ _______________
колы күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшысы

_________________ _______________
колы күні

Ішкі аудит қызметінің басшысы

_________________ _______________
колы күні

2-нысан

*Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын*
*талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп*

«___________________________________»
(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)
«_____» жылға

| № | Қағидалардың тиісті абзацын, тармақшасын, тармағын көрсету | Талапқа сәйкес келуін бағалау | Анықталған кемшіліктер | Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жауапты тұлғалар және іс-шаралардың орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасы | | | | |
| | Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасы | | | | |
| | Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасы | | | | |
| | Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасы | | | | |
| | Қағидалардың 6-тармағының 7) тармақшасы | | | | |
| | Қағидаларға 2-қосымшаның 6-тармағының 4) тармақшасы | | | | |
| | Қағидаларға 2-қосымшаның 7-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацы | | | | |
| | Қағидаларға 3-қосымшаның 1-тармағының 1) тармақшасы | | | | |

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сәйкестігін бағалау: ___

Кестені толтыру бойынша түсініктеме:

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сәйкес келуін бағалау мынадай белгілердің үш балдық жүйесі бойынша жүзеге асыру қажет: сәйкес келеді, ішінара сәйкес келеді, сәйкес келмейді.

1. «Сәйкес келеді» бағалауы ЕЖЗҚ тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың критерийін

қандай да бір маңызды кемшіліксіз орындауы кезінде шығарылады.

2. «Ішінара сәйкес келеді» бағалауы ЕЖЗҚ тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты критерийін сақтауға қол жеткізу кезіндегі мүмкіндігіне қатысты нақты күмәннің пайда болуы үшін жеткілікті деп саналмайтын кемшіліктер анықталған кезде шығарылады.

3. «Сәйкес келмейді» бағалауы ЕЖЗҚ тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың критерийін орындамаған кезде шығарылады.

4. Егер тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жекелеген талаптар ЕЖЗҚ-ға қатысты қолданылмайтын жағдайда, осы критерийге сәйкес келуді бағалау жүзеге асырылмайды және тиісті «қолданылмайды» деген жазбамен белгіленеді.

ЕЖЗҚ бірінші басшысы (не оның орнындағы тұлға)

________________ ______________

қолы күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшысы

________________ ______________

қолы күні

Ішкі аудит қызметінің басшысы

________________ ______________

қолы күні

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және
ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған
тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
жүйесін қалыптастыру қағидаларына
2-қосымша

*Ішкі рәсімдер мен құжаттар*

1. Қордың ішкі құжаттарына:
1) Қорды басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ереже;
2) ұзақ мерзімді кезеңге стратегиялық жоспарлау және жылдық бюджетті (қаржылық жоспарды) қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге жасау тәртібі;
3) Қордың корпоративтік стратегиясы;
4) Қордың есеп саясаты;
5) Қордың тәуекелдерді басқару саясаты;
6) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;
7) ішкі аудит жүргізу рәсімдері;
8) ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдері;
9) орын алған және әлеуетті мүдделер қайшылығын басқару саясаты;
10) есепке алу журналдарын жүргізу қағидалары;
11) Қор жасаған операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі;
12) қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық;
13) Қордың директорлар кеңесі белгілеген өзге құжаттар жатады.
2. Қағидалардың осы қосымшасының 1-тармағында көрсетілген Қордың ішкі құжаттары жеке құжат ретінде жасалады не Қордың басқа ішкі құжаттарының құрамына енгізіледі және Қордың басқармасы бекітетін Қағидалардың осы қосымшасының 1-тармағының 1) және 11) тармақшаларында көзделген ішкі құжаттарды қоспағанда, Қорда тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Қордың бөлімшесі келіскеннен кейін оны Қордың директорлар кеңесі бекітеді.
3. Қорды басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы қағидалары:
1) функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін органдардың құрылымын;
2) органдардың, құрылымдық бөлімшелердің, филиалдардың, қызметкерлердің арасындағы өзара әрекет ету тәртібінің сипаттамасын;
3) функцияларының, өкілеттіктерінің және міндеттерінің сипаттамасын, сондай-ақ Қор акционерлерінің жалпы жиналысына және директорлар кеңесіне есептілікті және ақпаратты берудің нысандары мен мерзімдерін қамтитын органдар («Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) және Қордың жарғысына сәйкес бекітілуі директорлар кеңесінің немесе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған органдар туралы ережелерді қоспағанда), құрылымдық бөлімшелер туралы ережені айқындайды. Қор акционерлерінің жалпы жиналысына және директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпараттың тізбесі Қордың органдарына өздерінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындау үшін жеткілікті болатын ақпарат көлемін ұсыну қажеттігін ескере отырып жасалады;
4) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын;
5) Қордың тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінің және ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне басқа бөлімшелерінің функцияларын жүктеуге жол бермеуді;
6) есепті кезең ішінде құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау тәртібін, оның ішінде өздеріне жүктелген функцияларды және міндеттерді орындамағаны (сапасыз орындағаны немесе уақтылы орындамағаны) үшін шаралар қабылдауды айқындайды.
4. Ұзақ мерзімді кезеңге стратегиялық жоспарлау және қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге жылдық бюджетті (қаржылық жоспарды) жасау тәртібі, сондай-ақ Қордың корпоративтік стратегиясы Қордың қызметіне ықпал ететін объективті макро- және микроэкономикалық факторларды ескеру мақсатында жасалады және қайта қаралады.
Корпоративтік стратегия Қор қызметінің қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі), орта мерзімді (бір

жылдан үш жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (үш жылдан және одан көп) мақсаттарын, маркетингтік жоспарларын айқындайды.

5. Қордың есеп саясаты Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады.

6. Қордың тәуекелдерді басқару саясаты мыналарды:

1) Қордың директорлар кеңесі, басқармасы мүшелерінің, тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінің және жауапты қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін;

2) білімінің және жұмыс стажының болуы жөніндегі талаптарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелместен, Қордың басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелердің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын;

3) Қордың ұйымдастыру құрылымының құрамында Қор қызметінің өзге түрлерін жүзеге асыруға қатыспайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі жеке бөлімшенің болуын;

4) тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторинг жүргізу және бақылау жасау рәсімдерін, оның ішінде:

зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу бойынша қызметке тән операциялық тәуекелдерді бағалаудың халықаралық тәжірибесін пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау әдістемесін;

зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу операцияларына тән тәуекелдерді өлшеу тәртібін;

5) тізбесі Қордың ішкі құжаттарында айқындалатын операцияларды бақылаудың екі деңгейін:

операцияны орындайтын қызметкер - бірінші деңгей, операцияны орындайтын қызметкерге бақылау жасайтын тікелей басшы - екінші деңгей;

операцияны орындайтын бөлімшенің қызметкері (басшысы) - бірінші деңгей, осы операцияның орындалуын бақылайтын өзге бөлімшенің қызметкері (басшысы) - екінші деңгей;

6) мыналарды айқындайтын Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін және бухгалтерлік есепті жүзеге асыру тәртібін:

Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бөлімшелерді, олардың функцияларын, міндеттері мен өкілеттіктерін;

операцияларды жүргізудің техникалық тәртібін;

Қордың операцияларын бухгалтерлік есепке алу жүйесін;

Қор операцияларының құжат айналымын және іс қағаздарын жүргізу жүйесін;

Қор операцияларының операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыру тәртібін бұзу тәуекелдерін болдырмау рәсімдерін:

қаржы құралдарымен жасалған операцияларды дұрыс жүргізбеу және есепте дұрыс көрсетпеу мүмкіндігін шектейтін;

қызметкерлердің функцияларын бөлуді және алаяқтық пен қателерді болдырмау мақсатында бухгалтерлік жазбаны жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің қатысуы (басқаруы) үшін шектеулі рұқсаттың белгіленуін қамтамасыз ететін;

операцияларды жүргізу қауіпсіздігін, атап айтқанда кірістермен жасалатын операцияларды жүзеге асыру және меншікті капиталдың және кірістердің мөлшеріне сәйкес келмейтін тәуекелдерді қабылдау кезінде теріс пайдалану жағдайларын анықтау және алдын алу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін;

электрондық өңдеу жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін және деректерді электрондық өңдеу жүйесін бақылауды жүзеге асыратын және деректерді өңдеу мәселелеріне жауап беретін тұлғаларда жұмыс бейіне сәйкес келетін біліктілігі мен тәжірибесінің болуын қамтамасыз ететін;

компьютерлік және телекоммуникация жүйелеріне рұқсатсыз кіруді болдырмауға бағытталған және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінде автоматтандырылған жүйеге кіру және шығу кезінде рұқсат деңгейін тексеру жүйесінің болуын болжайтын және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің маңызды кілттерді, оның ішінде деректердің ақпараттық базаларына арналған электрондық кілттерді бақылау жөніндегі жауапкершілігін белгілейтін;

жоспарлы, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде мыналарды көздейтін деректер базаларының ақпараттық жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына бағытталған:

ақпараттық деректер базаларының техникалық кешендеріне арналған, өрт қауіпсіздігі және сейсмикалық тұрақтылық талаптарына жауап беретін оқшау үй-жайлардың, автономды электр қоректенудің, резервтік компьютерлердің және желілік коммуникациялардың, жүйелік маңызды бағдарламалық файлдардың

және деректер файлдарының резервтi көшiрмелерiн тұрақты түрде қалыптастырудың болуын;
төтенше жағдайлар туындаған жағдайда өкiлеттiктер берудi және жауапкершiлiгi;
төтенше жағдайлар басталған кезде жүйе жұмысында төтенше iркiлiс болған жағдайда компьютерлiк орталыққа арналған ережелер мен басшылықты көздейтiн iс-әрекеттердi айқындауды;
жабдықтарды тұрақты түрде инспекциялау және ақпараттық қамтамасыз ету бөлiмшесiнiң жұмыс туралы есептердi тексеру көмегiмен iркiлiстердi болдырмауды;
деректердi электрондық өңдеу жүйесiн жоспарлау, әзiрлеу және оның жұмыс iстеу тәртiбiн белгiлеудi айқындайды.
7. Ақпараттық қауiпсiздiктi қамтамасыз ету ережелерiне бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны, жинақталған зейнетақы қаражаты құпиясын құрайтын мәлiметтердiң сақталуын қамтамасыз ету және оларды Қордың, олардың қызметкерлерiнiң немесе үшiншi тұлғалардың жеке мүдделерiнде пайдалануына жол бермеу жөнiндегi рәсiмдер кiредi.
Ақпараттық қауiпсiздiктi қамтамасыз ету қағидалары:
коммерциялық және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпияға жататын ақпарат тiзбесiн;
Қағидалардың осы қосымшасының 7-тармағының екiншi бөлiгiнiң екiншi абзацында көрсетiлген ақпарат бар құжаттарды жасау, ресiмдеу, тiркеу, есепке алу және сақтау тәртiбiн;
осы ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың лауазымдарын көрсете отырып, Қағидалардың осы қосымшасының 7-тармағының екiншi бөлiгiнiң екiншi абзацында көрсетiлген ақпаратқа рұқсат беру тәртiбiн;
мыналарды көздейтiн Қағидалардың осы қосымшасының 7-тармағының екiншi бөлiгiнiң екiншi абзацында көрсетiлген ақпараттың жария болуын және ақпараттық деректердiң бұрмалануын болдырмау тетiктерiн:
шектеулi рұқсаты бар ақпараттық деректер тiзбесiн;
рұқсат алу тәртiбiн;
ақпараттық деректерге рұқсатты, ақпараттық деректерге рұқсаты бар тұлғалар лауазымдарының тiзбесiн бақылау тәртiбiн;
ақпараттық қамтамасыз ету бөлiмшесiнiң автоматтандырылған деректер базасын басқару терминалдарын пайдаланушыларға мониторинг жасауды және оларды сәйкестендiрудi жүзеге асыруы және пайдаланушының жеке басын бiрегейлендiруге мүмкiндiк беретiн жүйемен қамтамасыз етуi арқылы автоматтандырылған деректер базасын басқару терминалдарын рұқсатсыз пайдалануды болдырмау жөнiндегi iс-шараларды белгiлейдi.
8. Iшкi аудиттi жүзеге асыру рәсiмдерi:
1) iшкi аудит қызметiнiң құрамын, оның функцияларын, мiндеттерi мен өкiлеттiктерiн;
2) iшкi аудиттi жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптарды;
3) iшкi аудиттiң мәнiн және объектiсiн;
4) iшкi аудит қызметiнiң тексеру жүргiзу ауқымын және жиiлiгiн;
5) iшкi аудиттi жүргiзу кезiнде мiндеттi түрде пайдаланылатын бағалау жүйесiн;
6) iшкi аудиттi жүргiзу жоспарын жасауға қойылатын талаптарды;
7) iшкi аудит қызметiнiң тексеру нәтижелерi туралы есептi Қордың директорлар кеңесi мен басқармасына ұсыну мерзiмдерiн және нысанын белгiлейдi.
9. Iшкi бақылауды жүзеге асыру рәсiмдерi:
1) iшкi бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптарды;
2) iшкi бақылаудың мәнiн және объектiсiн айқындайды.
10. Iс жүзiндегi және әлуеттi мүдделер қайшылығын басқару саясатына:
1) Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерiнiң мүдделерi олардың шешiмдер қабылдауының және мiндеттерiн атқаруының объективтiлiгi мен тәуелсiздiгiне ықпал ететiн, сондай-ақ олардың Қор салымшыларының (зейнетақы төлемдерiн алушылардың) және (немесе) Қор акционерiнiң мүдделерiнде әрекет жасау мiндеттемесiмен қайшы келетiн жағдайларды анықтау;
2) Қағидалардың осы қосымшасының 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетiлген жағдайлар туындаған кезде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерi қызметiнiң қағидаттары;
3) Қордың органдарының, бөлiмшелерiнiң, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерiнiң қызметi барысында Қағидалардың осы қосымшасының 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетiлген

жағдайларды анықтау және сипаттау мақсатында мәліметтерді жинауды, сақтауды және оларға мониторинг жасауды жүзеге асыру тәртібі;

4) Қағидалардың осы қосымшасының 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің шешімдерді қабылдауға қатысу құқығын шектеуді қоса алғанда, қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған, Қор органдарының шешімдерді қабылдау рәсімдері кіреді.

11. Есепке алу журналдарын жүргізу қағидаларына:

1) журналдардың саны және атауы;

2) журналдарды толтыру тәртібі мен кезеңділігі;

3) журналдардың уақтылы және дұрыс толтырылуына бақылау жасауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлер лауазымдарының тізбесі кіреді.

12. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулыққа:

1) өрт қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптар;

2) төтенше жағдайлар басталған кезде Қор қызметкерлері іс-әрекеттерінің сипаттамасы;

3) Қор қызметкерлерінің бағдарламалық-техникалық кешендерді және өзге де жабдықтарды пайдалану тәртібі;

4) Қордың үй-жайларын оларды жабу алдында қарау жүйелілігі кіреді.

13. Осы қосымшаның 6-тармағының 4) тармақшасында, 7-тармағының екінші бөлігінің екінші абзацында белгіленген талаптар ЕЖЗҚ-на қолданылады.

ЕЖЗҚ ішкі құжаттарына зейнетақы қағидалары кіреді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына
және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына
арналған тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау жүйесін қалыптастыру
қағидаларына
3-қосымша

*Ақпарат алмасу жүйесін ұйымдастыру*

1. Қордың директорлар кеңесі өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Қордың тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінен -тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарын сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты Қордың ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша тоқсан сайынғы негізде;

2) Қордың бюджетті талдауды және жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшесінен - Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы қорытындылары туралы есепті өткен есепті кезеңнің осындай кезеңімен және қызметтің жоспарланған көрсеткіштерімен салыстыра отырып тоқсан сайынғы негізде;

3) Қордың ішкі аудит қызметінен - Қордың қызметінен орын алған кемшіліктер мен оның қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар туралы тұжырымдарды қамтитын тексерулердің нәтижелері жөніндегі есептерді осы есептердің дайындалу шамасына қарай;

4) Қордың басқармасынан - Қордың қызметін жақсарту бойынша ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына бақылау жасаудың нәтижелері туралы есепті тоқсан сайынғы негізде алады.

Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізіледі немесе директорлар кеңесінің мүшелеріне Қордың бірінші басшысының немесе оның орнындағы тұлғаның қойған қолымен және Қордың мөрімен куәландырылған ілеспе хатпен жіберіледі.

2. Қордың басқармасы өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Қордың бюджетті талдауды және жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшесінен – Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы қорытындылары туралы есепті өткен есепті кезеңнің осындай кезеңімен және қызметтің жоспарланған көрсеткіштерімен салыстыра отырып тоқсан сайынғы негізде;

2) Қордың кірістерін (шығыстарын) бақылайтын Қордың бөлімшесінен – Қордың кірістері (шығыстары) туралы ай сайынғы есептерін, аумақтық және қызметтік бөлімшелер қызметтерінің түрлері бойынша динамиканы қоса алғанда, операциялық (ағымдағы) қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін қоса бере отырып тоқсан сайынғы негізде;

3) Қордың ішкі аудит қызметінен – Қордың қызметінен орын алған кемшіліктер мен оның қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар туралы тұжырымдарды қамтитын тексерулердің нәтижелері жөніндегі есептерді осы есептердің дайындалу шамасына қарай;

4) Қордың ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінен тоқсанына бір рет мыналар:

аппараттық-бағдарламалық техникалық кешендердің жай-күйі;

есепті кезеңде анықталған техникалық проблемалар;

Қордың ішкі рәсімдеріне анықталған сәйкессіздіктер;

проблемалар мен сәйкессіздіктердің қайта туындауын жою және болдырмау үшін қабылданған іс-шаралар туралы ақпаратты;

5) Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінен:

бөлімшелердің не қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Қордың ішкі құжаттарын бұзуы туралы ақпаратты – ақпараттың туындау шамасына қарай;

бұзушылықтарды өз бетімен анықтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы есептерді ақпараттың туындауына қарай алады;

3. Ішкі аудит қызметі Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінен, филиалдарынан және қызметкерлерінен өз қызметтерін ішкі аудит қызметінің сұратуларында көрсетілген мерзімде жүзеге асыруға қажетті кез келген құжаттарды және ақпаратты алады.

4. Қордың тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесі өз функцияларын жүзеге асыру үшін

Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінен және қызметкерлерінен өз қызметтерін тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелердің сұратуларында көрсетілген мерзімде өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты алады.

5. Қордың құрылымдық бөлімшелері арасындағы ақпараттық алмасу Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Осы қосымшаның 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талап ЕЖЗҚ-ға қолданылады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына
және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына
арналған тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау жүйесін қалыптастыру
қағидаларына
4-қосымша

*Тәуекелдерді басқару жүйелерін қолдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету*

1. Қордың операциялық қызметінің мынадай түрлері автоматтандырылуы тиіс:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуіне қажетті ақпарат жинау;

2) зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу.

2. Қордың ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесі нақты жүйелік проблемаларды есепке алуды жүргізеді, оларды ескере отырып проблемалардың қайта туындауының алдын алу мақсатында мынадай іс-шараларды өткізу арқылы қауіпсіздік шараларын әзірлеу бойынша шұғыл шаралар қолданылады:

1) техникалық проблемаларды есепке алу парағын толтыру және ол бойынша есептілікті жүргізу;

2) проблемалардың туындау себептерін қадағалау, ол туралы ақпараттық жүйені дайындаушыға хабарлау және олардың қайта туындауын болдырмау үшін түзету шараларын қабылдау;

3) автоматтандырылған деректер базасының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық кешендерді тоқсанында кем дегенде бір рет тексеру жүргізу;

4) автоматтандырылған деректер базасын басқару терминалдарын пайдаланушыларға мониторинг жасауды және оларды бірегейлендіруді, оның ішінде пайдаланушының қызметтік міндеттеріне олардың сәйкес келу мәніне жүргізілген операциялардың түрлерін және көлемін бақылауды жүзеге асыру.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
# БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы 2013 жылғы 27 тамыз № 228

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы*

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық нысанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2013 жылғы 25 қыркүйекте келісілген*
*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 қазанда №8860 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
1-қосымша

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері есептілігінің тізбесі*

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері есептілігіне мыналар кіреді:

1) ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;
2) шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп;
3) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
4) есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
2-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*

Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы __________

Индекс: 1- CUST_PA_KZT

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

______________________________
(кастодиан-банктің атауы)

______________________
(шоттың нөмірі)

______________________________________________________________
(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

(теңгемен)

| күні айы жылы | Күн басындағы қалдығы | Түсімдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Басқа зейнетақы қорларынан аударымдар | | Ерікті зейнетақы жарналары | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер мен сыйақы | Бағалы қағаздарды сату және өтеу-ден түсім-дер |
| | | Барлығы | оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер | Барлығы | оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

кестенің жалғасы:

| Түсімдер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер бойынша қайтару сомасы | | Зейнетақы төлемдерінің шотынан қайтарулар | Алынған өсімпұлдар/ айыппұлдар | Шетел валютасын сатудан түскен түсімдер | Қате есептелген сомалар | Басқа түсімдер | Түсімдердің барлығы |
| Салым сомасы | Салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы | | | | | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

кестенің жалғасы:

| Шығарулар | | | | | | | | | Күннің аяғындағы қалдық ((2)+(16)-(25)) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бағалы қағаздарды сатып алу шығыстары | Банктерге салымды орналастыру | Зейнетақы төлемдері шотына аударымдар | Комиссиялық сыйақы | | Қате есептелген сомаларды қайтару | Шетел валютасын сатып алу шығыстары | Басқа шығыстар | Барлық шығарулар | |
| | | | Зейнетақы активтерінен | Инвестициялық кірістен | | | | | |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: __________________________ _________ _________________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

«Ұлттық валютадағы инвестициялық шот
бойынша зейнетақы активтерінің
қозғалысы туралы есеп» әкімшілік деректер
жинауға арналған нысанға қосымша

*Әкімшілік деректерді жинауға арналған*
*нысанды толтыру бойынша түсіндірме*

Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша
зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банкі нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің аяғындағы әрбір жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан есепті айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырылады.

6. 1-баған «күні.айы.жылы» форматында көрсетіледі.

7. Көрсетілуге жатпайтын сомалар тиісті түсіндірмені енгізе отырып 15 және 24-бағандарға қосылады.

8. 3 және 4-бағандарда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, сондай-ақ басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударым сомалары көрсетіледі.

9. 15-бағанды толтыру кезінде алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

10. 16-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күні үшін түсімдердің жиынтық сомалары көрсетіледі.

11. 20 және 21-бағандарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленген комиссиялық сыйақы сомалары көрсетіледі.

12. 24-бағанды толтыру кезінде зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер тізбесі қоса беріледі.

13. 25-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күні үшін шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

14. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
3-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*

Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы __________

Индекс: 2- CUST_PA_FC

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

___________________________________
(кастодиан-банктің атауы)

_________________________
(шоттың нөмірі)

________________________________________________________
(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

____________________________
шетел валютасының атауы

(теңгемен)

| күні айы жылы | Түсімдер | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Күн басындағы қалдығы | | Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер және сыйақы (мүдде) | | Банктердегі салымдар бойынша қайтару сомасы | | | |
| | | | | | | | Депозиттер сомасы | | Банктердегі салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы | |
| | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңгемен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Түсімдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алынған шетел валютасы | | Басқа да түсімдер | | Түсімдердің барлығы | |
| шетел валютасымен | теңгемен, шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша | шетел валютасымен | теңгемен | шетел валютасымен | теңгемен |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

кестенің жалғасы:

| Шығарулар | | | | | | | | | | Күннің аяғындағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бағалы қағаздарды сатып алуға шығыстар | | Банктерге салымға орналастыру | | Сатылған шетел валютасы | | Басқа шығыстар | | Барлық шығарулар | | | |
| шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңгемен, шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен | шетел валюта-сымен | теңге-мен |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

______________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: __________________________ _________ _________________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

«Шетел валютасындағы
инвестициялық шот бойынша
зейнетақы активтерінің қозғалысы
туралы есеп» әкімшілік деректер
жинауға арналған нысанға
қосымша

*Әкімшілік деректерді жинауға арналған*
*нысанды толтыру бойынша түсіндірме*

Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша
зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің аяғындағы әрбір жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

**2. Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

5. Нысан шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша ақша бар болған және қозғалысы кезінде есепті кезеңдегі барлық позициялар бойынша жиынтық сомаларды көрсете отырып, өткен айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырылып, ұсынылады.

6. 1-баған «күні.айы.жылы» форматында көрсетіледі.

7. Көрсетілуге жатпайтын сомалар, түсіндірмелері енгізіле отырып 14, 15, 24 және 25-бағандарына қосылады.

8. Бірнеше шетел валюталары болған және қозғалысы кезінде Нысан валютаның әрбір түрі бойынша бөлек ұсынылады. Банк шоты бойынша шетел валютасының қозғалысы болмаған жағдайда Нысан толтырылмайды.

9. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

10. 16 және 17-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күні үшін түсімдердің жиынтық сомалары толтырылады.

11. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер тізбесі қоса беріледі.

12. 26 және 27-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күні үшін шығыстардың жиынтық сомасы толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
4-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы __________

Индекс: 3- CUST_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кештірмей

Нысан

___________________________
(кастодиан-банктің атауы)

_______________________________________________________
(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

1-кесте

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

(теңгемен)

| р/с № | Эмитенттің атауы | Экономикалық қызмет түрі | Эмитенттің елі | Бағалы қағаздың түрі | Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | | | | |
| 1.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары | | | | |
| 2.1. | Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары | | | | |
| 2.1.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| 2.2. | Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары | | | | |
| 2.2.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| 3. | Шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары | | | | |
| 3.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 4. | Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | | | | |
| 4.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 5. | Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары | | | | |
| 5.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 6 | Инвестициялық қорлардың пайлары | | | | |
| 6.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| | Жиынтығы: | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздар саны (дана) | Номиналдық құны | | Төлем валютасы | Бір бағалы қағазды сату құны | | Кезең | | Бағалы қағазды сатып алу құны | Бағалы қағаздардың ағымдағы құны | | | Бағалы қағаздардың санаты | Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | валюта | Бір бағалы қағаздың құны | | Барлығы (теңгемен) | номиналды құнның валюта-сында | Есепке қою күні | өтеу күні | | Барлығы (теңгемен) | номиналды құнның валютасында | оның ішінде есептелген сыйақы, теңгемен | | |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)
_______________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ____________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: __________________ ______ ____________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

2-кесте

«Кері РЕПО» операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар

(теңгемен)

| р/с№ | Эмитенттің атауы | Эмитенттің елі | Бағалы қағаздың түрі | Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі | Бағалы қағаздар саны (дана) | номиналды құнның валютасында | Мәміле валютасы | Бір бағалы қағазға операцияны ашу бағасы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | барлығы (теңгемен) | номиналдық құны валютамен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы:

| Бір бағалы қағазға операцияны жабу бағасы | | Кезең | | Бағалы қағаздардың ағымдағы құны | Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі |
|---|---|---|---|---|---|
| барлығы (теңгемен) | номиналды құнның валютасында | Операцияны ашу күні | Операцияны жабу күні | | |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

___________________________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ___________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: ____________________________ _________ ________________

(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

3-кесте

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(теңгемен)

| № р/с | Банктің атауы | Салым валютасы | Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі | | Салым мерзімі (күнмен) | Сыйақы төлеу кезеңі | | Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | күні | нөмірі | | Кезеңділігі | күні | Номиналды | тиімді |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |
| | Жиынтығы: | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Салым бойынша негізгі борыш сомасы | | Ағымдағы құны | | |
|---|---|---|---|---|
| Барлығы (теңгемен) | шетел валютасымен | Барлығы (теңгемен) | оның ішінде, есептелген сыйақы | |
| | | | теңгемен | шетел валютасымен |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

______________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: ______________________ _________ ________________

(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

4-кесте

Тазартылған бағалы металдар

(теңгемен)

| № | Тазартылған бағалы металдың атауы | Троя унцияларының саны | Төлем валютасы | Бір троя унциясын сатып алу бағасы | | Жиынтық сатып алу құны | | Ағымдағы құны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теңгемен | валюта-мен | теңгемен | валюта-мен | теңгемен | валюта-мен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |
| | Жиынтығы: | | | | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

_______________________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер __________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: ___________________________ _________ __________________

(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

5-кесте

Шартты талаптар (міндеттемелер)

(теңгемен)

| № | Баптардың атаулары | Базалық актив | Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі | Мәміле жасау күнгі құн | Туынды қаржы құралының есепті күнгі ағымдағы құны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Шартты талаптар | | | | |
| 1.1 | Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.1.1 | | | | | |
| 1.1.n | | | | | |
| 1.2 | Қаржы форвардтарын сатып алу бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.2.1 | | | | | |
| 1.2.n | | | | | |
| 1.3 | Сатып алынған опцион келісім-шарттары – «колл» | | | | |
| 1.3.1 | | | | | |
| 1.3.n | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | Сатып алынған опцион келісім-шарттары – «пут» | | | | |
| 1.4.1 | | | | | |
| 1.4.n | | | | | |
| 1.5 | Белгіленген пайыздық своп | | | | |
| 1.5.1 | | | | | |
| 1.5.n | | | | | |
| 1.6 | Құбылмалы пайыздық своп | | | | |
| 1.6.1 | | | | | |
| 1.6.n | | | | | |
| 1.7 | Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.7.1 | | | | | |
| 1.7.n | | | | | |
| 1.8 | Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.8.1 | | | | | |
| 1.8.n | | | | | |
| 1.9 | Қаржы форвардтарын сату бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.9.1 | | | | | |
| 1.9.n | | | | | |
| 1.10 | Сатылған опцион келісім-шарттары – «колл» - қарсы шот | | | | |
| 1.10.1 | | | | | |
| 1.10.n | | | | | |
| 1.11 | Басқа шартты талаптар | | | | |
| 1.11.1 | | | | | |
| 1.11.n | | | | | |
| 2 | Шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.1 | Қаржы фьючерстерін сату алу бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.1.1 | | | | | |
| 2.1.n | | | | | |
| 2.2 | Қаржы форвардтарын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.2.1 | | | | | |
| 2.2.n | | | | | |
| 2.3 | Сатып алынған опцион келісім-шарттары – «колл» - қарсы шот | | | | |
| 2.3.1 | | | | | |
| 2.3.n | | | | | |
| 2.4 | Сатып алынған опцион келісім-шарттары – «пут» - қарсы шот | | | | |
| 2.4.1 | | | | | |
| 2.4.n | | | | | |
| 2.5 | Құбылмалы пайыздық своп | | | | |
| 2.5.1 | | | | | |
| 2.5.n | | | | | |
| 2.6 | Белгіленген пайыздық своп | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.6.1 | | | | | |
| 2.6.n | | | | | |
| 2.7 | Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.7.1 | | | | | |
| 2.7.n | | | | | |
| 2.8 | Қаржы форвардтарын сату бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.8.1 | | | | | |
| 2.8.n | | | | | |
| 2.9 | Сатылған опцион келісім-шарттар – «пут» | | | | |
| 2.9.1 | | | | | |
| 2.9.n | | | | | |
| 2.10 | Сатылған опцион келісім-шарттар – «колл» | | | | |
| 2.10.1 | | | | | |
| 2.10.n | | | | | |
| 2.11 | Басқа шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.11.1 | | | | | |
| 2.11.n | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)
_________________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер __________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: __________________________ _________ _________________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

«Зейнетақы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы есеп» әкімшілік
деректер жинауға арналған нысанға
қосымша

*Әкімшілік деректерді жинауға арналған*
*нысанды толтыру бойынша түсіндірме*

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің аяғындағы әрбір жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.
4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2. Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

1-кесте бойынша.
5. 3-бағанды толтыру кезінде эмитенттердің экономика секторларының атауы 03-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі. 3-бағанды Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздар жөніндегі резидент эмитенттері толтырады.
6. 5-бағанда бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.
7. 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.
8. 8 және 10-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.
9. 9-баған борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.
10. 11 және 12-бағандарда бастапқы құжатта көрсетілген баға көрсетіледі, ол мәміленің жүзеге асырылғандығын растайды (биржалық куәлік, брокердің (дилердің) есебі, Халықаралық банкаралық ақпарат аудару және төлемдер жүргізу жүйесі (SWIFT жүйесі) бойынша алынған растама). Сатып алынған бағалы қағаздарға шетел валютасымен ақы төлеген жағдайда, 12-бағанда ұлттық валюта – теңгемен баламасын бір мезгілде көрсете отырып, 11-баған толтырылады, сатып алынған бағалы қағаздарға ұлттық валютамен ақы төлеген жағдайда 11-баған толтырылады.
11. 13-бағанда бухгалтерлік есептегі бастапқы тану күні көрсетіледі.
12. 14-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі.
13. 15-бағанда қаржы құралдарының сатып алу құны, сатып алуға тікелей байланысты шығыстарды қоса алғанда, агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақыны және комиссияны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ қаражатты және сатып алушының сатушыға төлеген, мөлшері азайтылған пайызын (мұндай болған кезде) аудару бойынша банк қызметі қоса көрсетіледі.
14. 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.
15. 19-бағанда «әділ құны бойынша бағаланатын», «амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» бағалы қағаздардың санаты көрсетіледі.
16. 20-бағанда Нысан берілетін күнгі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

17. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

2-кесте бойынша.

18. 5-бағанда бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.

19. 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

20. 7 және 8-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

21. 9 және 10-бағандарда «кері «РЕПО» операцияларын жүзеге асыруды растайтын баға бастапқы құжатта көрсетілген үтірден кейін төрт белгі дәлдігімен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаздарға шетел валютасымен төлеген жағдайда, бір мезгілде ұлттық валюта - теңгемен баламасын 9 және 11-бағандарда көрсете отырып, 10 және 12-бағандар толтырылады, сатып алынған бағалы қағаздарға ұлттық валюта - теңгемен төлеген жағдайда, 9 және 11-бағандар толтырылады.

22. 15-бағанда бухгалтерлік есепте берілген құн көрсетіледі.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

3-кесте бойынша.

24. 3-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

25. 6-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым ұзартылғанда, мерзім ұзартуды ескере отырып көрсетіледі. Талаптары өзгерген банктік салым шартын жаңадан және (немесе) қайта жасаған кезде 4, 5 және 6-бағандарда деректер жаңа банктік салым шарты бойынша көрсетіледі.

26. 7 және 8-бағандарда жинақталған сыйақы төлеу күні және мерзімі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі.

27. 11 және 12-бағандарда зейнетақы активтерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін ұлттық валютадағы салымға орналастырған жағдайда 11-баған толтырылады.

28. Кесте салымдар сомасын көрсете отырып, әр банк бойынша және салымның әрбір валютасы бойынша жеке толтырылады.

29. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

4-кесте бойынша:

30. 4-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

31. 5 және 7-бағандарда баға және сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 10-бағанда сома есепті күні қалыптасқан Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валютадағы тазартылған бағалы металдар сатып алынған жағдайда 5, 7 және 9-бағандар толтырылады.

32. 9-бағанда бухгалтерлік есепте берілген ағымдағы құн көрсетіледі.

33. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

5-кесте бойынша.

34. 3-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздардың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі.

35. 4-баған егер туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаздар болып табылған жағдайда толтырылады.

36. 5-бағанда мәміле жасалған күнгі ағымдағы құн көрсетіледі.

37. 6-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте берілген құн көрсетіледі.

38. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
5-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*

Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы __________

Индекс: 4- CUST_REWARD

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

______________________________
(кастодиан-банктің атауы)

_____________________________________________________________
(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

(теңгемен)

| Күні айы жылы | Есептелгені | | Төленгені | |
|---|---|---|---|---|
| | зейнетақы активтерінен | инвестициялық кірістен | зейнетақы активтерінен | инвестициялық кірістен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| Жиынтығы: | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)
_______________________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _______________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____________________________ __________ ___________________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қою күні 20_____ жылғы «_____»__________.

Мөрдің орны.

«Есептелген және төленген
комиссиялық сыйақылар туралы
есеп» әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

*Әкімшілік деректерді жинауға арналған*
*нысанды толтыру бойынша түсіндірме*

Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банкі нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің аяғындағы әрбір жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан есепті айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырылады.

6. 1-бағанда «күні.айы.жылы» форматында есепті айдың жеке жұмыс күні көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда есептелген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

8. 4 және 5-бағандарда төленген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

9. «Жиынтығы:» жолында есепті ай үшін барлық позициялар үшін жиынтық сомалар көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 228 қаулысына
6-қосымша

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының*
*кастодиан-банктерінің есептілікті ұсыну қағидалары*

1. Осы Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есептілікті ұсыну қағидалары «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері (бұдан әрі – кастодиан-банк) есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Кастодиан-банк зейнетақы активтерін сақтауға қабылдаған әрбір ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысты есептілікті ұсынады. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органмен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, кастодиан-банк осы ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және шарт жасаған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының активтері бойынша бөлек есептілікті ұсынады.

3. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы есептілікке кастодиан-банктің бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), кастодиан-банктің бас бухгалтері қол қояды, мөрмен расталады және кастодиан-банкте сақталады.

4. Есептілік ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ете отырып криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін қолдана отырып электрондық форматта ұсынылады.

5. Электрондық форматта берілетін деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректерге сәйкестігін кастодиан-банктің бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және кастодиан-банктің бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

6. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда кастодиан-банк уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін көрсете отырып жазбаша түсініктемені ұсынады.

7. Есептіліктегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

8. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген, «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта санауда көрсетіледі.

# E-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

**Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және
ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.**

**E-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге,
ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға
мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік
купондар және сертификаттар, интнрнет және хостинг, сондай-ақ,
көптеген басқа қызметтердің
төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.**




**«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пеныңғайлы интерфейсті пайдалану
оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі,
ал электронды әмиянды ашу жәнетолтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін
тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.**

**Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.**

**HTTPS:/ / WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK**